

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ

Г. М. АДАМБАЕВА

**«ШЕШЕНДІК ӨНЕР КУРСЫ БОЙЫНША СЫРТТАЙ БӨЛІМ
СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН
ДӘРІСТЕР МЕН ТАПСЫРМАЛАР ЖИНАҒЫ»**

АҚТАУ – 2009

ӘОЖ 82. 085 (072)

Құрастырған: қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы Г.М. Адамбаева «Шешендік өнер курсы бойынша сырттай бөлім студенттеріне арналған дәрістер мен тапсырмалар жинағы» – Ақтау, 2009

ISBN 978-601-226-063-2

Пікір айтушы: ф. ғ. к., доцент Ш. С. Әбішева

Шешендік өнер курсы бойынша дәрістер мен тапсырмалар және ұсынылатын әдебиеттер тізімі берілген.

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарына арналған.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесі шешімімен баспаға ұсынылған.

ISBN 978-601-226-063-2

© Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ

АЛҒЫ СӨЗ

Халықтың шешендік өнері оның мәдени-әлеуметтік дамуын және тұлғалық белсенділігін анықтап көрсететін деңгей. Шешендігімен әрбір халық өзін-өзі танытады. Шешендік - адамның бірін-бірі түсіну, түзету және құрметтей білуі. Шешендік өнер – адамның тұлғалық бейнесін және халықтық даналығын айқындайтын өлшем. Шешендіктің тәсілін, тәжірибесін және ережесін игеру – ұлттық дәстүрді жалғастыру және өркениеттілікті өрбіту.

Пәнді оқытудағы мақсат – болашақ мамандардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, жарасымды қарым-қатынас орнықтырудың теориялық негізін үйрету, студенттердің ойжарысу қабілетін дамыту. Бұл амқсатты орындау барысында біз студенттерге халықтың сөйлеу өнерін ғылым, өнер және қоғамдық тәжірибе ретінде таныстырып, ауызекі тілде және жазбаша пікір айтудың құрылымын, олардың заңдары мен принциптерін, нақты үлгілерін үйрете отырып, коммуникация мен аудиторияны басқару заңдарын ашып көрсету. Сондай шешендіктің бастау көздерін, оның түрлі елдерде пайда болу және даму тарихымен таныстыру, әлем халықтарының шешендік тәжірибесін, шешендік өнерді тәрбиелеу тәсілдерін талдау арқылы көрсетеміз.

Типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптар бойынша қысқаша дәрістер мазмұны беріліп, студенттердің оқытушының көмегінсіз өз бетімен орындайтын бақылау тапсырмалары және оларды орындау үшін керекті әдебиеттер тізімі, сондай-ақ студенттердің білмін тексеруге арналған қорытынды бақылау тапсырмалары (тест түрінде) берілген

Сырттай оқитын бөлімнің студенттеріне арналған бақылау жұмыстарының тақырыптарына шешендік өнердің тарихи кезеңдері, шешендіктің қоғамдық-әлеуметтік мәні мен шешен сөйлеудің жолдары, шешендікке қойылатын талаптар жеке-жеке алынды. Ол жұмыстарда студенттер теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, шешендіктің тарихына тоқталып, кейбір практикалық мәселелерді де қамти алады. Бақылау жұмысында әр тақырыптан кейін қамтылуға тиісті негізгі мәселелердің аттары аталған. Осы аңдатпаларды ескере отырып, сырттай оқушы студенттің өзі бақылау жұмысының жоспарын жасап алуына болады. Бақылау жұмысының тақырыптарынан кейін пайдалануға тиісті әдебиеттердің тізімі көрсетілген. Сырттай оқушы студент бақылау жұмысына кіріспес бұрын тізімде көрсетілген әдебиеттерден тақырыпқа қатысты жерлерді оқып шығады. Содан кейін барып студент бақылау жұмысының жоспарын жасауға кіріседі.

Студент бақылау жұмысында өзінің «Шешендік өнер негіздері» курсынан қаншалықты меңгергенін көрсетуге тиіс. Бақылау жұмысы студенттің өз сөзімен жазылады. Басқа жерде жазылған мақалалардан көшіріп алуға болмайды. Бақылау жұмысына алынған цитаталар мейлінше қысқа болғаны жөн. Сондай-ақ оның қай беттен, қай кітаптан алынғандығы көрсетіліп отырылуы керек. Сонымен бірге цитата алынған автордың аты-жөні көрінуге тиіс. Егер цитата газеттен немесе журналдан алынса, сол журналдың немесе газеттің саны, шыққан жылы, айы, мақаланың аты көрсетіледі.

Бақылау жұмысы түсінікті тілмен жазылып, таза орындалуы керек.

Бақылау жұмысының соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен бақылау жұмысының орындалған уақыты көрсетіледі. Бақылау жұмысының көлемі шамамен

оқушы дәптерінің 20-25 беттейі немесе А4 үлгідегі қағазбен 10 парақтай болуға тиіс.

Бақылау жұмысының сыртына оқу орнының аты, институты (факультеті), курсы, тобы, бақылау жұмысының тақырыбы жазылады. Төменгі жағына студенттің адресі мен тексеруші оқытушының аты-жөні, қызметі көрсетілуі тиіс.

Дәрістердің қысқаша мазмұны

1-дәріс тақырыбы. Шешендік өнер жайында түсінік. Шешендіктану ғылымы. Шешендіктің әлеуметтік мәні.

Дәріс жоспары:

1. Шешендік өнер жайында түсінік. Шешендіктің әлеуметтік мәні.
2. Шешендік өнерді оқытудың мақсаттары мен міндеттері.
3. Шешендік өнердің дамуына қажетті алғы шарттар.

Дәріс мақсаты: Шешендік өнер жайында түсінік беріп, шешендіктің әлеуметтік мәнін ашу, шешендік өнердің қоғамдық құбылыс екендігін түсіндіру, шешендік өнердің дамуына қажетті алғышарттар мен шешендіктанудың басқа ғылымдармен байланысы туралы түсінік беру.

Дәріс мазмұны: Шешендік өнер (ораторское искусство) - латын тілінде oratoria, грек тіліндегі риторика, орыс тіліндегі красноречие сөздерімен мәндес. Риторика - шешендік өнер, шешен сөйлей білу теориясы. Шешендік ұғымының мағынасы ауқымды. Шешендік деп көпшілік алдында сөйлеу шеберлігін, сөйлеу өнерінің сапалық қасиетін, сөз күшін көрсете білу амалдарын жете меңгергендікті айтады. Шешендік - тыңдаушыларға мақсатты әсер ететіндей, сөзіңе сендіретіндей етіп сөйлеуді жүзеге асыру.

Шешендік өнер туралы анықтамалар ежелгі дәуірлерден бері айтылып келеді. Аристотель шешендікті «кез-келген нәрсеге көз жеткізу үшін тиімді тәсілдерді таба білу қабілеті» дейді. М.В.Ломоносов: «Шешендік дегеніміз - әдемі сөйлеудің амалдарын меңгеру мен сол арқылы басқаларды өз пікіріңе мойынсұндыру», - деп жазды. Н.Колшанский: «шешендік - жанды сөздің күші арқылы басқалардың ақыл-ойына, ынта-ықыласы мен ерік-жігеріне әсер ету өнері», - деп санайды. Мұндай анықтамалардан шешендік өнердің көздейтін негізгі үш мақсатын аңғаруға болады. Олар: 1) Сендіру; 2) Рахатқа бөлеу, жағымды әсер ету; 3) Толқытып, тебірену.

«Риторика» терминінің мағынасы - шешендік өнер теориясы. Риторика деп кейде мәнерлі сөйлеудің теориясын, кейде сырты сұлу, жылтырақ болғанмен, мағынасы кемшін, тыңдаушыға әсері аз тілді де атаушылар болған. Ал шын мәніндегі шешендік өнер сыртқы сұлулығымен қоса, ішкі мазмұндық қисыны да берік, әсері күшті, айтылуы да жігерлі сөз болуы лазым.

2) Шешендік өнер өз дамуында қоғам өмірінің көптеген саласында пайдаланылды: рухани, идеологиялық, саяси-әлеуметтік. Әсіресе, ол саясат саласында барынша кең қолданылды. Шешендік пен саясат ажырағысыз бірлікте.

Белгілі бір шешенге баға беруде оның өз заманының қоғамдық мүдделерін қорғайтынын ескеруіміз керек. Әр дәуір шешенге өз міндеттерін жүктейді. Шешендік өнер күрделі жинақтаушы сипатқа ие. Шешен философия, логика, психология, педагогика, тіл білімі, этика, эстетика секілді ғылымдарға сүйенеді. Бұл салалар шешен сөйлеудің әр түрлі проблемаларын зерттейді.

Шешендік өнер қазақ елі жағдайында да әлеуметтік мәселелерді шешуде

болсын, жас буынды тәрбиелеуде болсын, үлкен роль атқарған. Қоғам өмірінде тілдің, тіл мәдениетінде шешендік өнердің алатын орны, атқаратын қызметі ерекше. «Шешендік сөз - халық даналығы, ақыл-ойдың қоймасы, әдеби тілдің бастауы: дәстүрлі шешендік сөз нұсқаларын оқып, үйренумен бірге, шешендік өнер ғылымының сыр-сипатын, ерекше заңдарын жастар білуге, игеруге тиіс. Сондықтан шешендік сөздерді орта мектептер мен педагогикалық институттардың, университеттердің оқу бағдарламаларына енгізілуі қажет», - деп кезінде Б.Адамбаев мәселе көтерген. Осы мақсатты іске асырудың мүмкіндігі туып, қазір «Шешендік өнер негіздері» курсы педагогикалық оқу орындарында оқытылып келеді.

Шешендік өнерді жоғары оқу орындарында оқытудың мақсаты - талғампаз халқымыздың әлеуметтік, әдеби-эстетикалық қажетін әлденеше ғасырлар бойы өтеп келген халық даналығының үлгілі нұсқаларын оқып-үйрету, шешендік өнердің сырын ашқызу, табиғатын таныту, халық алдындағы өтеген қызметін білгізу, сондай-ақ шешендікке қойылатын талаптарды меңгерту, оларды практикалық іс-дағдысында қолдануға үйрету.

3) Шешендік өнер халықтық-демократиялық қоғамдарда өсіп-өркендейді. Ақыл-ойға еркіндік шешендік өнердің дамуының негізгі алғышарты болып табылады. Мысалы, ежелгі грек тарихында шешендік өнердің дамуына б.д.д. 594 жылы Афинаның басқарушысы, әрі ақыны Солонның құлдық құрылыс пен сот істерін демократиялауға бағытталған заңының себеп болғандығын айтады зерттеушілер (ол туралы алдағы дәрісте айтылады). Солон заңына ұқсас заң «Жеті Жарғы» қазақ елінде де болған. «Жеті Жарғыны» атақты жеті биімен ақылдасап отырып қабылдаған Тәуке хан еді. «Жеті Жарғы» бойынша әркім өз жоғын өзі жоқтауға, өзінің әлі келмесе, жанкүйер бауырластары, одан қалса руластары қорғауға тиіс болған. Мұның өзі шешендік өнердің дамуына, шешен сөйлеуді үйренуге, сөз бостандығының жандануына жол ашты.

Шешендік өнердің шығуы белгілі бір қоғамдық жағдайлармен және халықтың бас қосу жиналыстарымен байланыста болғандығын қазақ шешендік өнерінің тарихы да растайды. Әсіресе, халық көп жиналатын астың мәні үлкен болған. Сөз жарысына түсу үшін халық тілінің байлығын молынан үйрену қажеттілігі туады. Олар халық тілінің байлығын халық ауыз әдебиетінен үйренеді.

2-дәріс тақырыбы: Ежелгі Грекия мен Римдегі шешендік өнердің пайда болуы мен дамуы.

Дәріс жоспары:

1. Шешендік өнердің Грекияда тууы мен дамуы.
2. Шешендік өнердің Римде тууы мен дамуы.
3. Шешендіктану теориясының орта ғасырда және жаңа дәуірде дамуы.

Дәріс мақсаты: Шешендік өнердің Грекия мен Рим мемлекетінде тууы мен дамуы, атақты шешендер өмірлері мен шешендік шеберліктері туралы түсінік беру.

Дәріс мазмұны: 1) Шешендік өнердің пайда болуы әлеуметтік құбылыс ретінде қоғамдық мәні бар мәселелерді көпшілік алдында талқылаудың өмірлік қажеттілігінен туған. Бұл жағдай алғашында ежелгі Грекияда мүмкін болған. Б.д.д. V ғасырда Афинада құл иеленушілік демократиялық қоғам жанданды. Мұнда халық жиналысының үлкен ролі болды. Он күн сайын Афина азаматтары қала алаңына жиналып, маңызды мемлекеттік істерді талқылайтын болған. Халық жиналысына

басқа мемлекеттік органдар бағынып отырған. Афинадағы осындай еркін демократиялық қоғамда азаматтарға халық жиналыстары мен соттарда жиі сөйлеп, әлеуметтік мәселелерге араласып тұруға тура келген. Сөйтіп, шешендік өнер Афинаның қоғамдық өмірінде, мемлекет істерінде, саясат майданында маңызды факторға айналды. Бұл қасиетті, киелі өнерді ыждағатпен үйрену әрбір грек азаматының парызы болды. Шешендік өнерге баулитын тәлімгер-ұстаз (ритор) мамандығы шықты, осы кезде риторика ғылымы пайда болды.

Грецияда шешендік өнердің дамуына б.д.д. 594 жылы Афинаның басқарушысы әрі ақыны Солонның құлдық құрылыс пен сот істерін демократияландыруға бағытталған заңының себеп болғанын айтқанбыз. Ол заң бойынша әрбір азамат өз мүддесін өзі қорғауға міндетті болды. Сотта қорғану үшін қызыл тілге жүйрік болу керек. Сот алдында айтылатын сөзді алдын-ала дайындайтын сөз шеберлері - логографтар болды. Демосфен шешен алғашында осындай логограф болған.

Көне дәуірдегі шешендік өнердің дамып, көркеюінің 2 кезеңі болды:

- Б.д.д V-IV ғғ Грекиядағы Периклден бастап, Демосфенге дейінгі кезең;

- Б.д.д 1 ғасыр - Римдегі Цицерон заманы.

Шешендік өнер ғылым ретінде Риторика деп аталады. Зерттеушілердің пікірінше, риториканың негізін салған грек софисі Протогор болған. Протогор өз кезіндегі Сократ, Платондармен замандас болған. Ол бірінші рет софистер арасында сөз айтысын, пікір таласын ұйымдастырған, өзі де сөз сайысына түскен шешен. Ол кезде «Софист» - дана, кемеңгер деген мағынада қолданылған. Протогордың ақылды, ойшылдығын ежелгі грек философы Демокрит байқап, оны философияға баулыған. Софистер Грекияда ерекше бағаланған. Софистерді дайындайтын арнайы мектептер болған. Софистер шешеннің негізгі мақсаты - тыңдаушыларды ортақ пікірге ұйыту, ортақ шешімге келтіру дейді. Софистік ағымның кемшілігі - әсерлеп, әдемілеп сөйлеуге әуестік болды, желбуаз шешендік болды.

Ежелгі Грецияда б.д.д. V-III ғасырларда атақты он шешен шыққан. Олардың ішінде Лисий мен Исократтың, Демосфеннің есімдері ерекше аталады. Демосфеннен 170 қолжазба, 60 шешендік сөз, 56 жазба сөз, 6 хат сақталып жеткен.

2) Шешендік өнер Грекиядан кейін Римде дамыды. Онда Красс, Анатия, Гортенция бастаған ондаған атақты шешен қолбасшылар, қоғам қайраткерлері шықты. Әрі шешен, әрі қоғам қайраткері, философ Цицерон шешендік жайындағы ғылымды дамытуға көп еңбек сіңірді. Оның «Шешендік өнер туралы үш трактат» деген еңбегінің мәні өте зор болды.

«Риториканың Римдік теориясын» жасаған Марк Фабий Квинтелиан болды. Ол - Римде шешендік мектептің негізін салушы бірінші ұстаз. Квинтелианның басты еңбегі - 12 кітаптан тұратын «Шешендік өнер тәлімі» еңбегі. Онда ежелгі Греция мен Римдегі риторика ілімінің тәжірибелері жинақталып, жүйеленген. Квинтелиан «Шешеннің білімі туралы» деген трактатында шешенге білім-білік пен адамгершілік парасат керек дейді. Квинтелиан, негізінен, Цицеронның принциптері мен нормаларын, көне грек риторикасы дәстүрлерін жалғастырып, дамытты. Ол риториканың теориялық және практикалық мәселелерін егжей-тегжейлі талдады. Сондай-ақ шешендерді тәрбиелеу хақында, дарынды шешендер, жазушылар туралы құнды пікірлер айтқан. V ғ. соңында құл иеленуші Рим империясының құлауы феодалдық формацияға өту кезеңнің бастауы болды. Ерікті азаматтардың тең құқылы қатынасы сеньорлар мен вассалдардың иерархиялық субординациясымен

алмастырылды.

3) Жаңа кезең әлеуметтік-экономикалық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде шешендіктануға да, елеулі өзгерістер әкелді. Үкім айтар басты жанр ретінде негізгі ерекшелігі догматизм мен схоластика болып есептелетін шіркеулік діни шешендік танылды.

Христиандық шіркеу өз сөзін шектеусіз баршаға, бай манапқа да, кедей шаруаға да арнады. Шіркеулік үгіт-насихат ауызша бұхарлық қарым-қатынастың ең көп көлемде таралған формасы, әрі саяси насихаттың басты құралы болды. Үгіт-насихаттың басым бөлігі адамгершілік және әлеуметтік тәртіп нормаларын сәйкесінше бекіте түсетіндей идеологиялық сұраныстарға дөп келді.

Насихаттау ісі шешендік шеберліктің мейлінше жоғары деңгейде болуын талап етті. Үгіт-насихаттың негізінде антикалық шешендіктану мен формальды логиканың негізгі нормаларын, ежелгі шешендердің тәжірибесін қабылдаған орта ғасырлық шешендік өнер дами түсті. Діни тонмен керілген орта ғасырлық шешендік өнер жаңа сапаға да ие болды. Түр жағынан өзгерістің болуы алғашқы кезекте діни догмалық форманың абсолютті беделге ие болуымен байланысты. Насихатшы не туралы айтса да, оған Қасиетті жазу өз ойы мен түйіндерін байланыстыра қарады.

Шіркеулік үгіт-насихат аясында дін сөзін уағыздаушы ірі шешендер өсіп жетілді. Атақты Иоанн Златоуст - византиялық дүлдүл уағыздаушы. Златоуст деп аталуының өзі шаршы топ алдында сөз сөйлеуге құрметпен қаралғандығына және тыңдаушыларға сөз сиқыры арқылы әсер ете білуші адамдардың жоғары бағаланғандығына дәлел.

Еңбектері арқылы гомилетиканың-шіркеулік (діни) шешендік теориясының негізін қалаған орта ғасырлық атақты шешендердің бірі - Фома Аквинский (1225-1274). Бұнда алғашқы кезекте сөздің формасына, сыртқы әдемілігі мен мәлімет тығыздылығына мән беріліп, басты ұстанымы ретінде сендіру емес, көндіру алынады. Орта ғасыр шешендіктануының маңызды қолданыс амалдарының бірі адамдардың санасы мен сезіміне баса әсер ету, оларды психикасы мен түсінігіне бойлау. Осы кезеңдегі шешендік сөздің тиімділігі мен әсерлілігі уағыздаушы-насихатшының тап осы білік-дағдысының болуымен сипатталады.

Шешендіктанудың осы түрі Батыс және Орталы Еуропаның барлық елдерінің мәдениетіне ерекше әсер етті. Себебі оның таралуына тілдік кедергілердің болмауы қалыпты жағдай жасады. Уағыздар тек латын тілінде ғана оқылды.

Антикалық риторикадағы сияқты Қайта өрлеу мен Ағарту дәуіріндегі шешендік өнер туралы еңбектерде сөйлеу техникасына, шешен мәнеріне, дене, бет қимылдарын орынды үйлестіруге салмақты түрде назар аударылды. Леонардо да Винчи пікіріне сүйене айтсақ, «қашан да үздік шешендер белгілі бір мәселеге тыңдаушыларының көзіне жеткізе иландыру үшін өз сөздерін мағыналы қол қимылдарымен қолдап отырады, десек те кейбір жекелеген ақымақтар осыншама сөз ұғындыруға септесер «демеулерді» қолдануды мүлдем естен шығарып, мінбеде тұрған ағаш мүсін іспеттес көрінеді».

3-дәріс тақырыбы. Еуропа мен Ресейдегі шешендік өнер және зерттелуі.

Дәріс жоспары:

1. Еуропада шешендіктің даму тарихы.
2. Ресейдегі шешендік өнердің тарихы.

Дәріс мақсаты: Еуропада және Ресейде шешендіктің даму тарихы туралы түсінік беріп, шешендіктің көрнекті өкілдері туралы мағлұмат беру.

Дәріс мазмұны: «Жаңа кезең» орта ғасырлық бағытқа нүкте қоя отырып, батыс еуропалық Қайта өрлеу дәуірінен басталып, ХҮІ ғ. басында – ақ тарихта жаңа дәуірдің сахнаға шыққандығынан хабар берді. Кейін ол Ағарту дәуірімен алмасты. Барлық сала мәдениетінің қарқынды, қарышты өсуі, біртіндеп құр уағыздаушылықты ығыстырған салауатты танымдық көзқарастың дамуы - бұлар аталмыш дәуірге тән бірден-бір белгілер. Осындай жағдайда әлеуметтік-саяси бағдарлылықты ұстанған шешендік өнер ерекше белсенді даму сатысына түсті. Ол антикалық риториканың озық жетістіктерін таңдап алумен бірге гуманистік, демократиялық жаңа идеялардан қуат алды.

Осы кезеңнің атақты шешендерінің қатарынан Прага университетінің ректоры, діни уағыздаушы және латын тілінің монополиясына қарсы шығып, жаңа чех әдеби тілінің ірге тасын қалаушы Ян Густы (1369-1415) баса атауымыз керек.

Жаңа дәуірдегі Б.Паскаль, М.Монтень, Ж.Лабрюйер, Ф.Бэкон, И.Гете, Г.Литхенберг сияқты т.б. еуропа жазушылары мен ойшылдары шешендіктанудың дамуына елеулі үлес қосты. Олардың шығармаларынан шешендіктану туралы терең де астарлы ойларды, шешенге қатысты пайдалы кеңестерді, нақты ұсыныстарды молынан ұшырастырамыз.

Шешендік өнер теориясының дамуына Қайта өрлеу дәуірінің қайраткерлері Т.Кампонелла мен Томас Мор, Ф.Петрарка мен Данте Алигери, Ф.Рабле мен У.Шекспир, Сервантес пен Лопе де Вега еңбектері зор әсер етті. ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында Америка мен Еуропадан П.Лафарг, В.Либкнехт, Ж.Жорес, Ж.Гед, Г.Эккарюс, Э.Джонс, А.Бибель сияқты шешендер шықты. Риторика ғылымы Оксфорд, Кембридж, Гарвард университеттерінде ХVІІ ғасырдан бері оқытылып келеді.

Зерттеушілердің пікірінше, шешендік өнер ақыл-ойға еркіндік кең кезде, демократиялық қоғамдарда өсіп-өркендейді. Халықтар арасындағы шайқастар мен таптық қақтығыстар да шешендік өнердің қанат жаюына жағдай жасайды. Франциядан Жан Поль Марат, Максимилиан Робеспьер, Ресейде В.И.Ленин, А.Луначарский сияқты шешен революционерлер шыққан.

Ресейде шешендік өнердің кенжелеп дамығанын айтып, оның себебін түсіндірген Д.И.Фонвизин: «Шешендердің аз болу себебі, шындығында, шешендік дарын көрінетіндей жағдайдың жоқтығынан. Шешендік абырой-атаққа есігін айқара ашатын және консульдікпен сайланатын бізде халық жиналыстары жоқ», - десе, қазақ ғалымы Б.Адамбаев: «Шешендік өнер қай жерде сөзге бостандық, еркіндік болса, жүйелі сөзге жұртшылық, қоғам құлақ асса, міне сол жерде, сол елде ғана дамиды. Керісінше, ақыл-ойға, сөзге-тілге қысым жасалып, шек қойылған жерде ақыл-ойдың адамдары, ең алдымен ақындар мен шешендер қорғалап сөйлей алмайды, сөз өнері тоқырайды», - деген болатын.

2. Шын мәнінде орыс шешендік өнері М.В.Ломоносовтан басталады. Оның «Шешендікке қысқаша басшылық» атты оқулығы бар. Ол «Шешендік дегеніміз -

ғылым» деген еңбегінде шешендік өнердің рухани қабілетпен, ғылыммен, еліктеумен, мол біліммен, шығармашылық ізденіспен, күшті дауыс, мықты рухпен біртұтас екенін баяндаған. Шешен сөзі тыңдаушының сезіміне зор әсер етуі керек, даусы таза, сөзі анық болуы керек дейді.

XVIII-XIX ғасырларда орыс зерттеушілерінің шешендік өнерге байланысты бірнеше еңбектері жарық көрді. Олар:

- Ив. Степ. Рижский. «Риторика тәжірибелері» (1795);

- Алекс. Фед. Мерзляков. «Қысқаша риторика»;

- Алек. Ив. Галич. «Прозалық туындылардың барлық тектеріне бағышталған шешендіктің теориясы»;

- Ник. Фед. Кожанский. «Жеке риторика» (1832), «Жалпы риторика» (1854);

- Мих. Мих. Сперанский. «Жоғары шешендіктің теориясы» (1844);

- А.Ф.Кони. «Сот және саясат тақырыптарындағы шешендік», «Лекторға кеңес»;

- П.С.Порохошиков. «Сот шешенінің өнері»;

- В.Г.Белинский. «Риториканың мазмұны мен міндеттері» мақаласы т.б. Ресейде шешендіктану арнайы білім, ғылым саласы XVII ғасырдың басында ғана тарай бастады. Бірақ бұл ежелгі орыстар сөз өнеріне лайықты тұрғыда назар мән бермеді дегенді аңғартпайды. Қайта, керісінше, оларда «*доброречие*», «*краснословие*» өте-мөте жоғары бағаланады. Сан алуан мақал-мәтелдерде орыс халқының талай ғасырлар бойы қалыптасқан алуан қырлы өзіндік риторикалық этикасы көрініс тапқан.

Шешендіктанудың теориялық мәселелері алғаш тізімге ілігуі 1620 жылдың наурыз айы деп көрсетілген. Бұл «Риторика» атты қолжазба оқулықта барынша егжей-тегжейлі сипатталып беріледі. Осы оқулықтың зерттелу нәтижелеріне арнап В. А. Аннушкиннің «Орыстың алғашқы «Риторикасы»

Атты	еңбегі	жазылды
------	--------	---------

Нәтижесінде 1620 жылғы «Риториканың» жеке бір авторлық шығарма емес, латын басылымындағы «Риториканың» неміс тіліндегісінен аудармасы екендігі дәлелді тұрғыда нақты анықталды. «Риторика» екі кітаптан құралған: «Істі ойластыра жүйелеу туралы» және «Сөзді безендіру туралы»;

Тек XVII ғасырдың аяғында және XVIII ғасырдың алғашқы жартысына таман ғана шешендік өнер туралы жетекші құралдар пайда бола бастады. Бұл орайдағы оқулықтардың сапынан Софроний Лихуданың «О силе риторической» /1698/, Михаил Усачевтың «Риторика» /1699/, Стефан Яворскийдің «Риторическая луна» /1710/ атты еңбектерін атауға болады. Бұған қоса көптеген қолжазба оқулықтар тек Мәскеу, Киевте ғана емес, сол сияқты Чернигов, Смоленск, Рязань секілді сандаған өзге қалаларда да әзірленді. Шешендіктанудың әрбір оқытушысы өз курсына құрастырып, даярлауы тиіс болды. Оқушылар құттықтау сөздер құрастыруға әзірленіп, «Оқудың пайдалылығы», «Жақсылық сыйлаушылар», «Сана мен сезім» туралы т.б. тақырыптарға «сөздер», уағыз-насихаттар жазады.

XVII ғасырдағы шешендіктану туралы еңбектердің арасынан М.Усачевтың «Риторика» оқулығы ерекше аталды. Дегенмен де осы бағытта еңбектерде әлі де шіркеулік шешендіктанудың әсерінің күштілігі айқын аңғарылды.

Ресейдегі шын мәніндегі шаршы топ алдындағы сөз сөйлеу өнері университеттік шешендіктің дамуымен байланысты. Осы жолда Мәскеу

университеті мен Ресей Ғылым Академиясының негізін салушы М.В.Ломоносов (1711-1765) шешуші қадам жасады. Ол орыс тіліне өте күрделі реформа жасауға бағыт ұстанып, қазіргі орыс әдеби тілінің негізін салды. М.Ломоносов «Шешендікке қысқаша басшылық» атты еңбегін жазып, орыс шешендіктануының келешектегі даму бағдарламасын негіздеді.

М.В.Ломоносовқа сүйенсек, шешенге алдыңғы кезекте өткір ой, жады, жұғымды дауыс, қалыпты тыныс, ұнамды сыртқы пошым, келбет және табиғи қабілет аса қажетті. М.Ломоносовтың еңбегінде сөйленер сөзді 4 бөлімнен құру ұсынылған. Олар: кіріспе, түсінік беру, бекіту, қорытынды. Әрбір бөлімнің міндеттері көрсетілген, әрқайсысын қалай жүзеге асыру керектігі жөнінде кеңестер айтылады.

Орыс шешендігінің дамуына XIX-XX ғ.ғ. басындағы шешен практиктер елеулі үлес қосты. Шындығында, бұл кезде, мәселен, орыс академиялық шешендік мектебінің, не ұстанымдары, не өзіндік ерекшеліктері де теориялық тұрғыда сипатталған да, негізделген де жоқ еді. Ресейдегі осы бағыттағы шешендіктанудың негізін салушы ретінде Мәскеу университетінің профессоры, тарихшы Т.Н.Грановский, (1813-1855) танылса, бұл арнадағы бірден-бір белгілі тұлғалар қатарынан В.О.Ключевский, К.А.Тимирязев, Д.И.Менделеевтер аталады.

Орыс шешендіктану тарихының даму бағыттары бірі - XX ғ. басындағы саяси шешендік формасының дамуы: В.И.Лениннің шешендік стилі және өзге де осы мектепті насихатшылары С.М.Киров, А.В.Луначарский және т.б-туралы бірқатар зерттеулер жасалды. Біздіңше, олардың шешендік мұрасын оқып-үйрену шешендікке баулу бүгінгі таңда да өзекті әрі пайдалы. 1918 жылы Петр атақты ғалым және қоғам қайраткерлері В.Э.Мейерхольд, А.В.Луначарский, Л.В.Щерба, Н.А.Энгельгардт және т.б. қатысуымен сөз өнері Институтының құрылуы шешендіктану теориясы дамуындағы жаңа құбылыс еді.

4- дәріс тақырыбы. Қазақ шешендік өнерінің тарихынан.

Дәріс жоспары:

1. Ежелгі түркі шешендігі.
2. Көне түркі шешендігі.
3. Орта ғасырлық түркі шешендігі.

Дәріс мақсаты: Ежелгі түркі шешендігі туралы түсінік беру, көне түркі шешендігі мен орта ғасырлық түркі шешендігі және көрнекті өкілдері туралы айту.

Дәріс мазмұны: 1) Ежелгі түркі шешендігі туралы мәліметті тек аңыздардан іздеуге болады. Өмірде болған, кейін аңыз кейіпкерлеріне айналған тарихи тұлғалар скифтерде көп болған. Олар туралы скифтер арасында аңыз бен жырлар кең тараған. Олардың көпшілігі ел қорғаған ерлер туралы болып келеді. Солардың бірі - Африасаб. Африасабты М.Қашқари сөздігінде Алып Ер Тоңға деп атаған. Тоңғаның ерлігін баяндайтын аңыз-жырлар кеңінен жеткен.

Ежелгі түркі шешендерінің қатарында б.д.д. 620-555 жж. өмір сүрген Анахарсисті (Анақарыс) айтамыз. Ол туралы Платон еңбектерінде айтылады: онда Анақарыстың аңызға айналған тұлға екендігі, Грецияға келгенде Солонның ықпалымен философиямен шұғылданғанын айтады. Геродот пен Страбон да шешен Анақарысты «жеті ғұламаның бірі» деп мойындаған. Бірақ оның өмірі туралы деректер сақталмаған. Анақарыс скиф хандары тұқымынан, шешесі - грек қызы. Сөз

өнерін жетік меңгеріп, билер кеңесіне қатысып, билік айтқан. Философиялық, тарихи еңбектерді көп оқып, білімін кеңейткен. Скифтердің тұрмыс-тіршілігіне өзгеріс енгізбек боп, элладалықтардың мемлекеттік құрылымы мен заңдар арқылы басқару жүйесін зерттейді. Осы мақсатпен Солонды іздеп, Афинаға келеді. Сол дәуірдің сипатына қарай Цицерон: «Адамды ең жоғары құрметке жеткізетін екі өнер бар: бірі - жақсы қолбасшылық өнер, екіншісі - шешендік өнер», - десе, Анақарыс осы екі өнерді де жақсы меңгерді. Грекияға келген Анақарыс Солонмен достасады, сөз жарыстырып, өнер үйренеді. екеуінің достығы өле-өлгенше жалғасады. Анақарыстан қалған нақыл сөздер көп (Олимпиада туралы, «кеменің қалыңдығы төрт елі», «Ең қауіпсіз кеме - жағаға қайырлап қалған кеме», «Базар - алаяқтар мен алыпсатарларға бөлінген орын», «Адам бойындағы ең жақсы нәрсе де, ең жаман нәрсе де - тіл», «Татымсыз мың достан татымды бір дос артық» т.б.).

Скифтерде жауынгерлігімен қатар ділмар шешендігімен аңызға айналғандардың бірі - Томирис (Тұмар) патша (б.д.д. 570-520). Ол әйгілі скиф көсемі Ишпакайдың тұқымынан, Спаргапип патшаның қызы. Томирисінің шешендігі қиын кезеңдерде халқына қарата айтылған сөздері мен өзін әйелсініп алдаусыратқан жауына берген жауаптарынан көрінеді. Сақ елінің асыл сөзді жауына семсер еткен, халқының намыс-жігерін жанып ұшқын-от еткен дана көсемдердің қатарында скиф патшасы Иденбарыс (Иденфисс), сақ аруы Зарина, Атей патша, Тамыр би т.б. айтуға болады.

Ғұндардың мықты ел болған кезі б.д.д. IV-III ғғ. Олардың бар өмірі Қытаймен соғысумен өтеді. Тұманның ұлы Мөде хан да осындай намысты ер, шешен болған. Мұндай тарихи тұлғалардың ерлік істері мен даналық сөздері аңыз әңгіме түрінде жетті. Кейбірі тарихи деректерде кездеседі, Көне дәуірдегі шешендік сөздер, жырлар, аңыздар, жоқтаулар т.б түрінде жеткен. Осылайша аталған кезеңнің шешендік сөздері біздің заманымызға дейінгі сақ, үйсін, қаңлы дәуірлерінде туған мәдени дәстүрлер негізінде дамыған.

Қазақ халқының басынан кешкен қоғамдық дәуірлер оның әдебиетіне, мәдениетіне із қалдырып отырды. Түркі халықтарына ортақ көне түркі ескерткіштері - Орхон-Енесей ескерткіштері, «Қорқыт», «Оғыз-нама» сияқты жәдігерліктерде де шешендік сөз орамдары мол кездеседі. Түркі қағанатының құлап, Қытай империясының бодандығындағы кезін қайғырып, шешендік жоқтау етіп жазды. «Мемлекетті халық едім, мемлекетім енді кәні? Кімге мемлекет құрамын?», «Қағанды халық едім, қағаным кәні? Қай қағанға ісімді, күшімді берермін?» т.б.

Иолық тегін қағанаттың жеңілу себептерін түсіндіріп, бірыңғай мүшелердің көп қатарлы тізбегін құрып, қайталаулар арқылы сөйлемді аяқтап отырады. Шешендіктің мұндай тәсілінде, үдемелі сипаттағы сөйлеу стилінде, бір жағынан, ауызбіршіліктің жоқтығына ашу-ыза жатса, екінші жағынан, сол арқылы болашақ ұрпақты бірлікке шақыру идеясы жатыр.

Күлтегін ескерткішіндегі шешен сөйлеу тәсілдерінің бірі - арнау, оның ішінде зарлай арнау, сұрай арнау. Орхон ескерткіштері жанры жағынан да поэзиядан гөрі шешендік сөзге жақын келеді. Шешендік сөздерде өлең тармағындағыдай біркелкі өлшем бола бермейді.

Көне түріктің шешендігін танытар жырлар қатарына «Манас» пен «Қорқыт ата» жырлары жатады. Оларда әдет-ғұрып жырлары мол кездеседі. Солардың бірі - жоқтау, шешен сөйлеудің ескі түрі. «Манаста» шешен тілмен баяндалған тұстар өте

көп, олар - астың өту барысы, ат шабыс, күрес, жамбы ату, табақ тарту, батырларды мінездеу т.б. Бәрінде де шешендіктің негізгі белгілері көрінеді: ауыспалы, айшықты сөз қолданыстар, тапқыр теңеулер мен астарлы баламалар, риторикалық сұрақтар, символ, дамыту, гипербола, аллитерациялық-ассонанстық ұйқастар, кайталаулар т.б. Әсіресе, жырда дыбыстардың үндестігіне ерекше назар аударылған.

«Қорқыт ата» жырлары Қорқыт атынан айтылады. Қорқыт - Сырдария өлкесін қоныс еткен, оғыз-қыпшақ тайпасынан шыққан данышпан-философ, ақылшы-батагөй, сәуегей-шешен кісі болған. Қорқыт айтқан даналық, ойшылдық, жыраулық өсиеттер - шешендіктің қайнар көздері «Қорқыт айтты» дейтін сәуегейлік сөздер қазіргі қазақ мақалдарының түпкі негізі болып табылады.

Мысалы, «Тәкаппар адамды тәңірі сүймейді», «Күлді канша үйгенмен төбе болмас, ежелгі жау ел болмас», «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым көрмеген ұл жаман», т.б.

Берлин кітапханасында сақталған Қорқыттың тақпақ сөздерінің жалпы саны 400-ге таяу. Мұнда Қорқыттың замандас 366 алып, 24 би, 32 билікті ел билеуші туралы нақыл сөздер орын алған. Қорқыт шешендігінің белгілі дәрежеде қазақ шешендігінің арғы бастауы саналатын көне түркі шешендігін дамытудағы үлесі бар.

3. Орта ғасырлық түркі шешендігі.

Қазақ халқының тарихына қатысты орта ғасырлық тарихи мұралар қазақ шешендік өнерінің қалыптасуында елеулі роль атқарды. Орта ғасырларда өмір сүрген ғұламалар жан-жақты энциклопедист ғалымдар, философтар болуымен қатар, тіл өнерін жетік меңгерген дарынды шешендер болғаны мәлім.

Әбу Насыр әл-Фараби өз заманында аса білімді, шешен тілді ақын болған. Фараби өлеңдерін оқи отырып, ақынның ұшқыр ойын, шалқар шабытын, шешен тілін танимыз.

Орта ғасырдағы түркі шешендігіне қатысты шығармалардың қатарына Ж.Баласағұнның «Құтты білігі» мен М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ат-түрік» атты сөздігін жатқызуға болады. «Құтты біліктің» көп жері сұрақ-жауап түрінде жазылған. Автор тіл мәдениетінің қарапайым шарттарын тілге тиек етеді. Хан-хакімдер қалай сөйлеу керек, ел алдында өздерін қалай ұстағандары жөн? Бұқара халықпен қалай тілдесу керек? т.б. жайлы таратып жырлаған. Сөз өнері, шешендік дәріптеліп, 7, 11, 22-тарауларда дұрыс сөйлей білу - адамның негізгі қасиеті екенін айтады, сөйлеу өнерін көзі мәңгі бітелмейтін бұлаққа теңейді. «Аз сөйлесең де, аңдап сөйле», «Жақсы болғың келсе, жаман сөз айтпа», «Он мың сөзді он сөзбен шеш», «Өлмей өмір сүре білгің келсе, артыңа жақсы іс пен дана сөз қалдыр», т.б. Ж.Баласағұн сөйлеу өнеріне байланысты ойларында сөз өнеріне адам бірден жетілмейді, үздіксіз тәжірибеден, тынбай оқып-үйрену арқылы меңгеретінін айтады.

А.Яссауи де алғыр ойлы, шешен адам болған. Оның «Диуани хикмат» жинағының тілі түсінуге жеңіл, ұғымды, шешендікке құрылған уағыз-өсиеттерден тұрады. Яссауидің өзі де құдай, құран, пайғамбар, сахабалар туралы және өмір-тірлік жайында құтпаға жиналғандарға өлең аралас шешен сөздермен уағыз айтып, жұртты аузына қаратқан. Мұның өзі Қарахан мемлекеті кезінде дәуірлеген мұсылманшылық идея әлсірей бастаған шақта өте маңызды еді. Бұл кезде араб халифатын батыста Еуропа әмірлері, шығыста қытай, парсы, түрік, кейін монғол билеушілері өз ықпалына алады да, мұсылмандық идея тұйыққа тіреліп, мистика сарыны күшейе түскен еді. Осындай қоғамдық салада Яссауи оқуының өзіндік орны

болды. Ол бұрынғы қағидаларға кейбір өзгерістер енгізді.

Орта ғасырдағы түркі шешендігін сөз еткенде А.Иүгнеки есімін айтпай кетуге болмайды. Оның «Хибат-ул-Хақайық» («Шындық сыйы») шығармасының 5-8 тарауларында ғылым, адамгершілік, әділеттілік, ақыл-парасаттылық туралы айтылады. Тіл туралы қағидаларға тоқталады: тіліңе сақ болып, орынсыз сөз айтпа, ешкімді ретсіз тілдеме, дос-жаранмен тату бол дейді. Оның ақыл-кеңестері адамгершілікке үндейді.

Қазақ шешендік сөзін зерттеушілер Ж. Баласағұн, А. Яссауи, А. Иүгнекилердің даналық сөздерін дидактикалық сарындағы шығармаларға жатқызады. Дидактикалық туындылардың негізгі міндеті - философиялық, моральдық, этикалық және діни идеяларды көпшілікке уағыздау, насихаттау, ғибрат айту арқылы жеткізу болып табылады.

Хорезмидің «Мұхаббат-намасы», С.Сараидің, Құтыптың нақыл сөздері де шешендіктің көркем үлгілері болып табылады.

Орта ғасырдағы түркі шешендігіне көне әдеби мұра «Алтын шежіреден» де көп мысалдар табуға болады. Мұнда ақылды сөз айтарда кім болса да өлеңмен сөйлейді. Мұның өзі сөйлеудің сол кезде екі түрлі болғандығын көрсетеді, бірі - әншейін сөйлеу, екіншісі - шешенсіп сөйлеу, шешенсіп сөйлеуде өлеңмен жеткізу сол кезде (XII ғ.) норма болғанға ұқсайды. «Алтын шежіреде» кейін қазақ халқының құрамына енген көне тайпалардың тарихы Шыңғыс хан өмірімен байланыстырыла әңгімеленеді. Шешендік өнер қаулап дамыған XVII-XVIII ғғ. би-шешендердің ұлағатты сөздерінің бастауы жұмбақтап сөйлеу үрдісі, сөз саптау тәсілі сол «Алтын шежіреде» жақсы көрінеді.

5- дәріс тақырыбы. Билер шешендігі.

Дәріс жоспары:

1. Билер шешендігінің шығуы.
2. Билер шешендігі туралы ғалымдар еңбектеріне шолу.

Дәріс мақсаты: Қазақ шешендік өнерінің ең бір қомақты да құнарлы саласы - билер шешендігі туралы айтып түсіндіру, зерттеушілер еңбектеріндегі билер шешендігінің тарихын баяндау.

Дәріс мазмұны: Қазақ шешендік өнерінің ең бір қомақты да құнарлы саласы - билер шешендігі. Бұл - біршама толық зерттелген сала. Шешен билер - мемлекет ісіне, халық тағдырына араласып, ұлт тәуелсіздігі мен ел болашағы үшін ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген, демократияның жандануына атсалысқан тарихи тұлғалар, мемлекет қайраткерлері. Шешендік өнердің әлеуметтік, саяси мәні билер сөзінен анық байқалады. Кезінде шешендік сөздерді кейде билер сөзі деп келуіміздің өзі осыдан. Себебі, шешендік сөздердің көбі билер айтысы, билер шешімі үстінде туып отырған.

Би - халықтың көкейіндегісін айтқан, көкірегіндегісін жарыққа шығарған шырағы, әділет жақтаушысы. Би өз тұғырына топты жарып, таразы басын тең ұстап, қара қылды қақ жаратын әділ төрелігімен, асқан көрегендігімен, салиқалы сабырлылығымен жеткен. Би - табиғи дарын, көреген көсем, қызыл тілінен бал тамған шешен. Оның мысалы - Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би, Малайсары би, Сырым, т.б. Олар шешендігімен қоса ел басына күн туғанда қолға найза алған батырлар болған.

Билер туралы ертеден жеткен жазба деректер болмағанмен, Т.Жұртбаев, Н.Мыңжани еңбектерінде болжамдар айтылады. Т.Жұртбаев Күнби атауын күнге табынушы елдің ел атасы, биі болған дейді. Ш.Уәлиханов «Ежелгі халықтық үлгідегі билер соты» деген мақаласында би атағы «сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін терең меңгерген қазаққа ғана» берілгенін айтады.

Шешендігін дәлелдеуді керек етпейтін, халық арасында сөздері кең тараған шешендерге Едіге би, Аяз би, Жиренше шешен, Мөңке би, Сырым, Есет, т.б. жатады. XIII-XIX ғасырлар арасында өмір сүрген би-шешендерден зерттеушілердің қаламына іліккендерінің саны 150-ден асады.

Жүздер мен ұлыстар арасындағы тартыстар билер кеңесінде, үш жүзге абыройлы да әділетті Төле, Қазыбек, Әйтеке т.б. билердің қатысуымен шешіліп отырған. Мұндай ірі тұлғалар Демосфен айтқандай «Мемлекеттің бүтіндігіне қандай болмасын қатер төнген және халқы дұшпанмен күрес жүргізуге тура келген жағдайда, міне, нақ осындай жерде нағыз ақылды және арлы азамат керек» деген сөзінің растығын дәлелдейтін би-шешендер болған.

6-дәріс. Ақын-жыраулар шешендігі.

Дәріс жоспары:

1. Жыраулар толғауларындағы шешендік.
2. Ақындар шығармашылығындағы шешендік.
3. Айтыс өнеріндегі шешендік үлгілері.

Дәріс мақсаты: Қоғамдық-әлеуметтік мүддені көздеген шешендік мұраттардың қатарына жыраулар толғауының да кіретіндігі туралы айту, жыраулар шығармалары мен билер сөзінің мазмұндық-идеялық тегі, көркемдік-поэтикалық әдіс-тәсілдерінің біртектілігін түсіндіру.

Дәріс мазмұны: Үлкен қоғамдық-әлеуметтік мүддені көздеген шешендік мұраттардың қатарына жыраулар толғауын жатқызамыз. Жыраулар толғауларында адамдық, адамгершілік, отаншылдық, бірлік сияқты мәселелер сөз болады. Мұндай ақыл-кеңес жеке адамдарға емес, көпшілікке қарата айтылады. Жыраулар шығармашылығының басты саласы - толғаулар. Толғаудың шешендікке жақындығы - үгіт-насихат, яғни дидактикалық сарында болып келетіндігі. Қазақ жыраулары елдік мәні үлкен, келелі мәселелер тұсында халық пен ханға бірдей ақылшы, кемеңгер ойшыл ретінде көрінеді. Жыраулар шығармалары мен билер сөзінің мазмұндық-идеялық тегі, көркемдік-поэтикалық әдіс-тәсілдерінің біртектілігі орта ғасыр ойшылдарымен сабақтасып жатады.

Ел аузында жүрген жыраулардың көшбасшысы - Сыпыра жырау. Оны кейінгі ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулар өздеріне ұстаз санаған. «Ер Тарғын», «Едіге», «Қырымның қырық батыры» жырларында Сыпыра жырау есімі аталады. Сыпыра Тоқтамыс хан тұсында XIV ғасырда жасаған, Маңғыстау мен Жайық бойын, Сарайшық қаласын мекендеген дейді зерттеушілер. Эпостық жырларда Сыпыра атынан айтылатын толғаулар бар.

Ақын-жыраулар шешендігі туралы айтқанда, сондай-ақ, Бұқар жырау, Қазтуған, Махамбет, т.б. туралы көп айтуға болады. Бұлардың қай-қайсысында да қазақ халқының болашағы, жайлы қоныс, жақсы өмір, адамгершілік мәселелері көтерілді.

Қазақ шешендік өнерінің тарихында Абайдың орны ерекше. Абайдың

ерекшелігі - айтайын деген ойына қатысы, байланысы жоқ немесе буын санын толтыру үшін қолданылатын артық сөздің Абай өлеңдерінде кездеспейтіндігі. Абайша жалпы азаматтық мәселелерді сөз ету, пікірін мазмұн мен сезімге құру, мазмұн анықтығы мен сөз дәлдігін сақтау - шешендікке қойылатын басты шарттар. Абай сондай-ақ, халықтық мақал-мәтелдердің негізін қалдырып, жаңа мазмұн үстеп, өзінше құрып шешендік афоризмге айналдырды. Абай өзінің данышпандық ойларын екі формада - өлең түрінде және қара сөзбен жазды. Абай афоризмдері - адамды жақсы қасиеттерге үндеген ағартушылық идеялардың жемісі. М.Әуезов Абай нақылдарын шешен, шебер, тапқыр етіп түйген сөйлемдер деп атап көрсетті.

Қазақ шешендік өнерінің дамуына айтыс ақындарының да қосқан ролі зор. Айтыс ақындарының тілі төгіле жөнелетін шалқыма шешендікке негізделеді. Айтыста ақындар ортақ кемшіліктерді ашып, қарсы жақтың қытығына тиіп, жігерін жаниды; ортақ жақсылықтарды айтып, көңілін көтеріп, қайратын тасытады. Пікірталас мәдениетін сақтаған айтыс ақындары жеке бастың кемшілігіне тиіспей, мінін іздеп мұқатпай, жалпы халықтық мүддені алға тартады. Шешенге қойылатын талаптардың ең ауыры да - осы.

7-дәріс. Қазіргі шешендік, оның түрлері.

Дәріс жоспары:

1. Қазіргі шешендіктуралы.
2. Қазіргі шешендіктің топтастырылуы.

Дәріс мақсаты: Шешендіктің қазіргі кезде дамуы, оның тақырыптық-мазмұндық жағынан топтастырылуы туралы айту, қазіргі шешендік өкілдерін анықтау, олардың сөзіне баға беру.

Дәріс мазмұны: Шешендік тек тарихи құбылыс қана емес, қоғамдық та құбылыс болғандықтан, қай кезде де ол қоғамға қызмет етеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап шешендік өнердің қажеттілігі артып келеді. Демократизм қоғам өмірінің барлық саласында пікір еркіндігін қамтамасыз етті, әр түрлі саяси көзқарастағы топтар қалыптасты, түрлі тақырыптарда көсіліп сөйлеуге мүмкіндік туды, қазақ тілінің мемлекет тілі ретіндегі ролі күшейіп, сот істері, іс қағаздары қазақ тілінде жүргізіле бастады. Мұның бірі қазақ тілінде шешен сөйлеудің талабын күшейте түсері сөзсіз. Г.З.Апресян қазіргі шешендікті былайша топтайды:

Әлеуметтік-саяси мәндегі шешендік,

Академиялық шешендік,

Соттағы шешендік,

Әлеуметтік тұрмыстағы шешендік,

Діни қызметтегі шешендік.

Ғалымның бұл пікірі бұдан 40 жылдай бұрын айтқан А.Байтұрсыновтың пікіріне мазмұндық-тақырыптық жағынан сәйкес келеді.

1)Әлеуметтік-саяси мәндегі шешендік сөздерге әлеуметтік, саяси, экономикалық тақырыптардағы баяндамалар, саяси сөздер мен шолулар, дипломаттық сөздер, әскери-патриоттық сөздер, митинг сөздері, үгіт-насихат сөздері жатады. Мұндай сөздер қоғамның экономикасын, әлеуметтік-саяси өмірін, мәдениетін, оқу-ағарту ісін, халық тұрмысын тілге тиек етеді. Бұл мазмұндағы қазіргі шешендіктің көшбасшысы ретінде халық жазушысы Ә. Кекілбаевты айтамыз. Ол қайда сөйлесе де, нені жазса да халықтық мәселелерді асқан

білгірлікпен талдап, ақыл-кеңестерін шебер жеткізеді. Оның ұлылығы сонда, ол үшін халық мүддесінен асқан мүдде жоқ.

Саяси шешендер қатарында еліміздің тұңғыш президенті, шебер дипломат, жан-жақты білім иесі, Елбасы Н.Назарбаевты айтуға болады. Сондай-ақ, саяси тақырыпта толғап жүрген Ш.Мұртаза, Ә.Нұршайықов, Қ.Олжай, Қ.Салғарин т.б. шешендерді айтуға болады.

Әлеуметтік тұрмыстағы шешендікке мерейтойларда айтылатын мадақ сөздер, қабір басында айтылатын аза сөздер, дастархан басында айтылатын тостарды жатқызамыз.

Академиялық шешендік немесе білім-ғылым мазмұнды шешендікке жоғары оқу орындарындағы лекциялар, ғылыми баяндамалар мен шолулар, ғылыми хабарламалар жатады. Ғылымға қатысты болғандықтан, мұндай сөздерде ғылыми терминдер, ғылыми қисын, дәлелдер молынан орын алады. Ғылыми түсінік шебер сөз қолданыстарымен, біршама көркемдік тәсілдермен, жұртшылыққа ұғынықты жеңіл, айқын тілмен де беріледі. Мұнда да тыңдаушы көңіл-күйіне әсер етіп, жағымды ой туғызу мақсат етіледі. Мұндай шешендікке М.Әуезовтің, З.Қабдоловтың, М.Қозыбаевтың, Р.Сыздықованың т.б. сөздерін жатқызуға болады.

Діни мазмұндағы шешендікке Құран сүрелері, діни уағыздар, діни мейрамдарда, құтпада халыққа карата айтылатын сөздер жатады (А.Яссауи, Ә.Дербісәлі, т.б. дін өкілдерінің сөздері). Діни ояту, түсіндіру, иландыру, өсиеттеу, уағыздау мақсатын көздейтіндіктен, діни сөздердің шешендікке құрылуы заңды.

Сот ісіндегі шешендікке айыптаушының айыптау сөзі, әлеуметтік айыптау сөздер, қорғаушының сөзі, әлеуметтік-қорғану сөзі, айыпкердің қорғану сөзі жатады. Айыптаушы, қорғаушы, бітім шығарушы – бәрі де адам тағдырына араласатындықтан, тыңдаушы қауымға сөзбен әсер етуді мақсат етеді. Сотта қолданылатын шешендік монолог түрінде де, диалог түрінде де айтылады. Сотта қаралатын істердің қай-қайсысы да шешендіктің тақырыбы бола алады.

8-дәріс тақырыбы: Шешен сөйлеудің мәдениеті. (Шешендіктанудың теориялық мәселелері.)

Дәріс жоспары:

1. Шешен сөйлеудің логикасы.
2. Шешен сөйлеу мәдениеті.
3. Шешен мен аудиторияның арақатынасы.

Дәріс мақсаты: Шешен сөйлеудің логикасы мен мәдениеті туралы айту, шешен мен аудиторияның арақатынасына байланысты жайларды түсіндіру, шешен сөйлеу техникасын үйрету.

Дәріс мазмұны: Шешендіктану – тілдік қатынастың қилы аспектілерін қамтитын кешенді пән. Шешендік өнерді игеру барысында шешен сөйлеудің логикалық аспектілері өз алдына бір бөлек мәселе. Шешен сөйлеу білудің логикалық аспектілерін психологиялық аспектілерден бөле-жара қарау адам психикасының рациональды, эмоциональды арналарының бір-біріне қатыссыздығын білдірмейді. Жалпы шаршы топ алдында ауызша сөйлеу өзіндік эмоциональдығымен, көркемділігімен қызықтырары даусыз. Солай десек те, сөзді логикалық тұрғыда ұйымдастыруға арқа сүйенілмесе, ойлаған мақсатқа сай келмесі де ақиқат. Сөйленген сөзде логиканың болмауын психологиялық амалдармен де,

тілдің бейнелігімен де, дауыс мәнерлігімен де алмастыру мүмкін емес.

Шешен әзірлік мезетінен бастап төмендегі сауалдарға ойлануы тиіс: 1) өз ойын түсінікті етіп қалай жүйелеу керектігі; 2) сөз материалдарын қандай үлгіде орналастыруға болатындығы; 3) деректер мен айғақтарды қалай қолдану қажеттілігі.

Классикалық риторикаларда бұл «ойлап табу», «орналастыру» кезеңдеріне сәйкес келеді. Ал қазір бұл орайда көбіне-көп «сөйлеуді логикалық тұрғыдан ұйымдастыру» термині қолданылады. Демек, сөз сөйлеудің сәтті болуы осы арадан басталмақ. Ендеше, шешеннің логикалық мәдениетінің маңызы ерекше. Бұл ұғым арқылы сөйлеу сәтінде шешен ойланысының алуан сапалық белгілері танылады. Олардың қатарына: 1) басты идеяның мазмұнын түсінікті, екі ойлылықтан аулақ қалыпта анық ұсынуын; 2) талдауда қарама-қайшылықтың болмауын; 3) бір ойдан екінші ойға ауысуда бірізділіктің болуын; 4) айғақтарға сүйене дәлелді баяндауын қосамыз.

Келесі мәселе – сөз сөйлеудегі шешен іс-әрекетінің түрлі кезеңдеріне сәйкесті логика ілімінің қояр талаптары. Шешен сөйлер сөзінің нысанын, негізгі мәселесін анықтағаннан кейін, оның түсініктілігі, мәнерлілігі, қысқалығы сияқты талаптар ескеріледі.

Сөз сөйлеудің бірізділігін және қарама-қайшылықсыз болуын қаматтасыз ету үшін міндетті түрде сөйленер сөздің жоспарын мұқият ойлану керек, оның композициясын қадағалай шегелеу артық емес. Жоспар – сөз сөйлеудің ішкі құрылымы. Бұлар - күнілгері ойластырылған тақырыптың дамуы, бір мәселеден екінші мәселеге ауысу логикасы, сөйленер сөздің мазмұнды схемасы. Жоспар жай және күрделі түрде болуы мүмкін. Жоспардың күрделісі шешен үшін барынша ыңғайлы, негізгі тараулардың тереңірек ашылуына септесетін бұтарланған тармақты үлгіде болып келеді. Ең басты талап – негізінде ұғымның бөлшектену операциясы жататын жоспардың логикалылығы.

Сөзге әзірлік барысында жоспар бірнеше қайтара екшеледі, нақтыланады. Содан кейін ғана шаршы топ алдында сөйленетін сөздің ақырғы тезис-жоспары, жоспар-конспектсі не сценарий-жоспар бекітіледі.

Сөйлеу мәдениеті мәселесінде ауызша сөйлеу стилі, сөз сөйлеу тілінің негізгі талаптарын сақтау және сөйленер сөздің мәнерлілігін арттырар құралдарды қолдану сияқты үш аспектіні бөле-жара атауымыз қажет. М. Балақаев: «Халықтың тіл қазынасын меңгеру, тілді өткір құрал ретінде ұстарта білу – үлкен өнер. Әрбір мәдениетті кісі сол өнерді үйренуге, тіл мәдениетін арттыруға талпынады», - деп жазады.

Тіл – мәдениеттің елеулі формасы. Ғалымдардың пікірінше, тіл мәдениеті деген ұғым тілдің мәдениетке қатысты екенін аңғартпайды, тілдік тәсілдердің кемелдену, ширау, жүйелену дәрежесінің қандай екенін меңзейді. Сол себептен де сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудың өнегелі үлгілері, сауаттылық, айқын ойлылық, ізеттік тіл мәдениетіне енеді. Қазақ халқы ежелден шешендікке әуес, тіл өнеріне жетік ел. Халқымыз сөз өнеріне ерекше ұқыпты қарап, оның өте орамды сөйлем құрылыстарын, нақыл сөздерін, мақал-мәтелдерін, сөз байлықтарын сөйлеу тілінде, фольклорда көп сақтаған. Халықтың тіл өнерін өзге өнерден кем санамайтынына «Өнер алды – қызыл тіл», «Айтылған сөз атылған оқпен тең», «Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді», «Сөйлей білмес жамандар, сөзді өзіне келтірер», «Сөзі мірдің оғындай», «Қаһарлы сөз – қамал бұзар», «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады»,

«Тіл қылыштан өткір» сияқты т. б. мақал-мәтелдер дәлел. Ендеше, халықтың тіл өнерінің алуан әсем кестелерін, орасан мол тіл байлықтарын терең игеру, мұрагер болу – ана тілін ардақтайтын азаматтың парызы.

Қазақтың «сөйлей-сөйлей шешен боларсың» дегенін сөзшендіктен шешендікке бір-ақ секіруге болар деп түсінбеу жөн. Егер көп сөлеген кісі шешен бола берсе, аузымен орақ оратындар бұл жағынан алданы жан салмаған болар еді.

М. Балақаев: «Шешендік – дарындылық. Ол – тілі ғана емес, ойы да жүйрік кісілерге, тілдік сезімі күшті адамдарға тән қасиет. Ондай қабілеті бар адам, басқа өнерді үйреніп білетіндей, тіл өнерін де оқып, үйреніп, ізденіп жүріп игереді», - дейді.

Сондай-ақ, ғалым шешендік өнерді, бұрынғыларша, схоластикалық ережелерге бағындырып үйретуге болмайтынын, тіл өнеріне, сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптар шешендік өнеріне де қойылатыны, шешендік тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы екендігін айтады. Демек, шешендік өнер – тіл мәдениетінің, сөйлеу мәдениетінің шыңы.

Шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда тіл тазалығына ерекше назар аударған жөн. Таза сөйлеу – ой айқындығының белгісі. Орынды айтылған халық мақалдарының бірі «Адам аласынан сөз аласы жаман. От шаласынан сөз шаласы жаман» болып келеді. Аңғартар астары – алуан. Түйіндер түбірі – тұңғыық.

Сөйлеу мәдениеті деңгейін көтеру үшін аса қажетті дағдылар жиынтығының бір бөлігі мыналар:

- әдеби тіл стильдерін таразылай отырып, өз беттік оқу шеңберін ұлғайту;
- атақты актерлер ме дүлдүл шешендерді жиі әрі мұқият тыңдау, еліктеу;
- өзінді үнемі бақылауда ұстау, күнделікті сөйлеу стилі мен тіліндегі мүкістіктермен күресу;
- шаршы топ алдына шығып сөз сөйлеуге көбірек машықтану, ол үшін сөз сөйлеу мәтінін күні бұрын жазып әзірлеу, мұқият редакциялау қажет;
- сөйлеу мәдениеті мәселесіне байланысты арнайы әдебиеттерді оқу, үнемі қазақ тілі сөздіктерімен санасып отыру т. б.

Жинақтай айтсақ, шешеннің сөйлеу мәдениетінде грамматикалық құрылыстың орнықты қалпын сақтап жазу да, мағыналық, эмоциялық қызметін құбылтып, өзгертіп айту да шешендіктану талаптарына сай келеді.

3. Шаршы топ алдында сөйлеудің қай-қайсы да – шешеннің тыңдаушы психикасына сөз арқылы мақсатты әсер етуі. Осы орайда пайда болатын және олардың шешімін табуда психология ілімі септесетін мәселелер шеңбері мыналар: тыңдаушылардың назарын аудара білу және оны ұйымдастыру; шешен мен аудиторияның аралық байланысы қалай қалыптастырылады; ақпаратты екшеу, меңгеру және ұсыну үдерісі қалай бағытталады; бұл үдерісті басқаруға бола ма; әтүрлі аудиторияның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері неден құралады және оларды қалай сауатты ескеруге болады т. б.

Шешеннің басты мақсаты – мағыналы ақпарат ұсыну және тыңдаушыларды сендіретіндей әсер ету. Атақты Аристотель сөйленер сөздің үш элементтен құралатынын, оған шешеннің өзі, ол тілге тиек етер негізгі нысан және тыңдаушы аудитория енетінін айта келе, соңғысына барлық іс-әрекеттің ақырғы нәтижесі ретінде баса мән беруі тегін емес.

Аудитория – шаршы топ алдында сөйленер сөзді тыңдауға жиналған, өз

назарларын шешенге, оның сөзіне бағыттаған белгілі мөлшердегі адамдар тобы. Бұл адамдарды тілдік қарым-қатынас, жалпы тыңдау үстіндегі ісәрекет, әсер етудің ортақ субъектісі /шешен/ сияқты ортақ жағдайлар біріктіреді. Шешен мақсаты – аудиторияны сөйленер сөз тақырыбымен, мазмұнымен ынтықтыру, шаршы топ назарын аудару, баурап алу. Демек, ұсынылып отырған материалды тыңдаушылардың түсіну деңгейі, сондай-ақ алғашқыда үстірт қарап отырған немесе келісімпаздық қалпында болып, сөз соңында тыңдаушының конструктивті топқа ауыса білуі басым дәрежеде шешен шеберлігіне байланысты. Ал бұндай дәрежеге жету үшін шешен сөз сөйлеу үрдісінде тыңдаушылармен арада қандай кедергі тұрарын, соқпай кетуге болмайтын қандай ақпараттарды жоғалтқанымен санасуға тура келетіндігін алдын-ала жете түсіне, аңғара білуі қажет. Бұл арада И. В. Гете сөзімен айтсақ, «әркім өзі түсінетін нәрселерін ғана еститіндігін» есте ұстау артық емес. Сол себептен де сөздің барынша түсініктілігі жөнінде қам жеу керек.

Шешеннің этикалық мәдениеті психологиялық мәдениетімен, қарым-қатынасты сәтімен жүзеге асыру тактісімен, білік-дағдысымен тығыз байланысты. Этикалық норма шешеннің барлық іс-әрекетін сөз сөйлеуге даярлықтың алғашқы мезетінен бастап, сөйленген сөзге өз бетімен жасаған сыни талдауға шейін қамтиды.

Шешен этикасы адамгершілік нормаларының, бағдарлау құндылықтарының, оның өз міндеттеріне, жұмыс мақсатына, тыңдаушыларына қатынасын анықтайтын тәртіп ережелерінің жиынтығы. Шешендік этиканың аса мәнді элементтерінің бірі – аудиторияға құрметпен, жылылықпен қараудан туған такт, ашықтық, елгезектік, сезімталдық қалып ұсталуы.

Тактіні білмеген тәжірибесіз шешен ақыл айту, білгішсіну, үйрету тонына немесе мірдің оғындай өте қатқыл, беделді тұжырымдамаларға жүгінудің қажетсіздігі бола тұра, осы бағытқа оп-оңай түсіп кетуі әбден мүмкін.

Шешендіктануды игеру барысында шешеннің этикалық мәдениетінің қалыптасуында шешендік өнердің психологиялық сияқты өзге жақтарымен тұтаса отырып шешендік тұлғаға келіп тоғысатындығын баса ескеру орынды. Демек, шешен бір мезгілде өз сөзінің әрі туындыгері, әрі режиссері, әрі орындаушысы екендігін естен шығармауы тиіс. Ал бұл шешенге қойылатын талапты қиындатары даусыз. Ендеше, жақсы шешен қандай сапалық қасиеттерге ие болуы тиіс?

Бұл ретте алғы орынға компетенттілікті, эрудицияны, жоғары мәдениеттілікті қойған жөн. Сонан соң шешеннің өз іс-әрекетіне сенімділігін баса айту керек сияқты.

Шешендіктану – жанды, дыбысты сөз туралы ғылым. Сөз арқылы түйінделген ой қаншалықты маңызды болса да, ол тыңдаушыларға тек шешеннің сол сөздерді нақты да түсінікті, мөлшерленген күйде дыбыстауы, айтуы арқылы ғана әсер ете алады. Сөйлеу өнерінде ең бастысы деп нені есептейтіндігін сұрағанда, Демосфен айтылажақ сөздің қалыпты да үйлесімді дыбысталуына ең алғаш кезекте ерекше мән берудің аса қажеттілігін баса айтқан. Сөз сөйлеуді орындау /actio немесе pronuntiatio/ - жеңіске жету жолындағы ең соңғы маңызды жұмыс кезені. Бұл міндетті орындауда аса мәнді көмекті шешенге шешендіктанудың ерекше тарауы, шешендік шеберліктің маңызды саласы – сөйлеу техникасы көрсетеді.

Сөйлеу техникасының құрамды бөліктері – бұл дыбыстық, тыныстық қойылымы, сөйлеу сәтіндегі дауыстың, дикциясының, орфоэпиясының дұрыс қойылымы. Сөйлеу техникасының мәні – дыбыстау нормаларын сақтауда

артикуляция, дыбыс, тыныс бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

Дауыс және тыныс алу барысы бойынша жүргізілер жұмыс үстінде таза физиологиялықтан басқа, сөйлеу саздылығы мен мәнерлілігінің психологиялық алғы шарттары барлығын есте ұстау жөн. Бұлар – шешеннің өзіне сенімділігі, рухтың жоғарылығы, әңгіме тақырыбына еліту. Шешеннің әзірлігі өте жақсы болса, ол өзін сенімдірек сезінеді, өз даусына ұшқырлық, саздылық, мәнерлік беру де жеңіл болады.

Сөйлеу техникасының аса маңызды бөлімі – дикциямен жұмыс. Сөйлеудегі олқылықтарды жою үшін, аз уақыт жұмсауға тура келмейді. Себебі көптеген шәкірттер қалай болса солай, өз сөзіне есеп бермей дыбыстардың артикуляциясын дұрыс үйлестірмей сөйлейді. Бұл сөздің шашыраңқы болуына, соған ілесе ойдың қожырауына, аудиторияның сөйленген сөзге қызығушылығының жоюлуына, жүйесіз мінгірлеуді ажыратуға мүмкіндіктің болмауына әкеледі.

Дұрыс артикуляцияны қалыптастырудың таптырмас даусыө тәсілі – жаңылтпаш айту. Бұлардың дыбысталуына әзірлік барысында ырғақтың жоғарылығының емес, дыбысталуының анықтылығына және мәнерлілігіне қол жеткізу жөн. Мәселен, қазақша сөйлеуде, әсіресе, күрделі сөздердің /көп құрамды/ қосымшаларын анық айту маңызды.

Сөйлеу техникасы мен сөйлеу мәдениетінің өте күрделі мәселесі – орпоэпиялық нормаларды игеру. «Орпоэпия» сөзі дұрыс та сауатты әдеби дыбыстауды білдіреді. Кез келген дыбыстау нормасынан ауытқушылық аудитория назарын шешен сөзінің мән-мәнісінен оның формасына ауытқытып, сөз мағынасын қабылдауға кедергі келтіреді, басқа бағытқа аудартады. Шешендіктенудың бұл бөлімінің күрделілігі, мәселен, қазақ тілінің дыбысталу нормасының сан алуандылығында. Арнайы жаттығулар барысында шәкірттер өздерін тексеріп қарауға, дыбыстау нормасын игеруге ұмтылуы тиіс.

9-тақырып. Шешендік сөзге қойылатын талаптар.

Дәріс жоспары:

1. Шешендік сөзге қойылатын талаптар.
2. Қазіргі шешендік сөздердің айтылу түріне қарай топтастырылуы.

Дәріс мақсаты: Шешендік сөзге қойылатын негізгі талаптарды көрсетіп, қазіргі шешендік сөздердің топтастырылуы жайында түсінік беру.

Дәріс мазмұны: Шешен сөзі қазақ тілінде өте ертеден қолданылып келеді. Бұл сөздің мағынасы көпшілік алдында шешіліп сөйлейтін, түйінді мәселелерді шешетін данышпан, ақылгөй, дана адам деген ұғымдармен төркіндес. Шешен сөзі қазақ тілінде айтқыш, тапқыр, суырып салма, ділмәр, қызыл сөзге жүйрік деген сөздермен қатар қолданыла береді. Қазіргі қазақ тілінде шешен деген сөз көп мағыналы: 1) шешендік өнермен айналысатын адам; 2) жиналыста, т.б. көпшілік алдында сөйлейтін адам; 3) қызыл тілді меңгерген, шешен сөйлеуге қабілетті адам. Шешен дегеніміз - мол біліммен, айшықты әсем тілімен тыңдармандарына (оқырмандарына) әсер етіп, бір нәрсе туралы сендіріп, бір нәрсеге ұмтылдыратын, сөзге тапқыр, ойы терең, білімдар адам. Кез келген адам шешен бола ала ма? Бұл мәселе туралы әр түрлі таласты пікірлер бар. Біреулер шешендікті алланың берген сыйы, жаратылыстан болады десе, екіншілері шешенге қажетті қасиеттерді дамытудан, тәрбиімен, көп оқумен жетіледі дейді. Шешендік өнердің әйгілі теоретигі М.Тулий

Цицерон: «ақын болып туады, шешен болып шығады» деп, ұлы шешен ақындыққа талантты боп тууы керек, ал шешендікке көп оқып, ізденіп, сөйлеп жаттығып, күш-қуат жұмсап жетілу керектігін айтқан. А.Ф.Конидің пікірінше, шешендік пен көпшілік алдында сөйлей алушылық - екі түрлі нәрсе, шешендік адамның табиғатынан болатын болса, ал көпшілік алдында сөйлеу тәжірибе жинақтаудан, сөйлеп жаттығудан келеді. Көне грек шешені Демосфеннің тумасынан шешен болмағанын, шешендікке табандылығы, еңбекқорлығы арқасында жеткенін айтуға болады. Цицерон да жастайынан талантты болған, көп оқып, көптеген ғылымды меңгерген, еңбекқорлығының арқасында замандастарының арасында зор беделге ие болды. Ұлы шешендердің өмірінен байқағанымыздай, шешендер көп оқыған, әр түрлі ғылым саласынан білімдар адам болуы керек. Шешеннің жеке бас қасиеттері де маңызды роль атқарады. «Шешендер туралы» еңбегінде Цицерон шешеннің үш түрі бар екенін айтады. 1) айтқан ойын қатаң тәртіппен, байыпты талдаумен, салқын қандылықпен ұсынатын шешен; 2) аудиторияның сезіміне әсер етіп, белгілі бір ассоциациялар тудыратын көркемдегіш-бейнелеуіш элементтерді көбірек пайдаланатын қызуқанды шешен; 3) ретіне қарай жоғарыдағы екі стильдің де элементтерін шебер қолданатын шешен.

Шешен адам тыңдаушыларына әр түрлі жолмен әсер ете алады. Кейбір шешендер тыңдаушыларын дауыс күшімен, айқындылықпен, ойдың тереңдігімен, дәлелдеу шеберлігімен, логика мықтылығымен баурайды, кейбіреулер өзгеде жоқ эмоциональдық, экспрессивтік қасиеттермен, образды, көркем сөйлеуімен ерекшеленеді.

Шешендік өнерге қатысты әдебиеттерде шешендерді былайша бөледі: шешендік өнерде пікірдің ойлылығын негізгі тәсіл ретінде алатын шешендер, өзінің эмоциональдылығымен әсер ететін шешендер. Академик И.П.Павлов адамда жоғары нерв қызметінің екі түрі - көркемдік және ойшылдық бар екенін айтқан. Жоғары нерв қызметінің қай түріне жататынына қарай адам әр түрлі сөйлейді, осығын байланысты эмоциональды сөйлеу және логикалы сөйлеу туындайды.

Әйтсе де, әрбір сөйлеу әрі логикалы, әрі эмоциональды болуы керек. Егер сөйлеуші қызықсыз, ойсыз әңгімені жоғары эмоциямен, көтеріңкі пафоспен айтса, тыңдаушылардың ашуын туғызады. Әуелгі кезде тыңдаушылардың назарын өзіне аударуы мүмкін, кейін тыңдаушы сөздің мазмұнынан іліп аларлық ештеңе таппағандықтан кейін айналады.

Керісінше, мазмұнды, логикалы сөзді ешбір қызығушылықсыз, эмоциясыз, бірқалыпты үнмен баяндаса, шешен тыңдаушысын жалықтырады. Сонда, ең жақсы шешен - Цицерон айтқан үшінші шешен.

2. Қазіргі шешендік сөйлеу монолог түрінде де, диалог түрінде де болады. Монологтық сөйлеу – дәстүрлі ақыл, өсиет, бата, тілек, үндеу түрінде ертеден келе жатқан сөйлеу түрі. Монологта белгілі бір тақырыпта баяндау, әңгімелеп беру жүзеге асырылады (көпшілік алдында сөйленген сөз, баяндама, лекция), Онда адамның ойы, көзқарасы, көңіл-күйі анық байқалады. Жұртшылыққа жағымды әсер етуді көздегендіктен және алдын-ала дайындалғандықтан, монолог мағыналы болады және шешен тілде сөйленеді. Тыңдаушылар тарапынан сұрақ қоюшылар мен пікір айтушылар болуы мүмкін, бұл жағдайда жауап беруге тура келеді, сөйтіп монолог пікірталасына ұласады. Пікірталас іскерлік қатынаста көп қолданылады. Іскер адамдар өз ойларын түсіндіре, дәлелдей алуы керек, сондықтан олар жан-

жақты біліммен қоса, пікірталас шеберлігі мен мәдениетін жете меңгерулері қажет. Пікірталас қоғамды дамытады, демократияны алға бастырады.

Пікірталас көзқарастар қайшылығы бар жерде туындайды. Пікірталастың бірнеше түрлері бар: пікір алмасу, ойталқы, пікірсайыс, ойбөліс, сөзталас, айтыс. Әрқайсысының өзіндік мақсаты мен ерекшелігі бар.

Пікіралмасу (лат. *discussio*- зерттеу, талқылау, талдау) көпшілік арасында өтеді. Мақсаты - әртүрлі пікірлерді салыстыра келе шындық пікірге жету, мәселенің шешімін табу. Дұрыстыққа көз жеткізудің ең тиімді тәсілі, оған қатысушылар бір шешімге келеді.

Ойталқы (лат. *disputatio* - ой жүгірту, жарыссөз, айтыс) - ғылыми және қоғамдық мәні бар тақырыптардың төңірегінде көпшілік арасында өтетін сөз жарысы. Мұнда да сөз жарысына қатысқандар белгілі бір пікірге тоқтайды. Қатысушылар арасында пікір алшақтықтары бола береді. Бір мәселе жайында әр түрлі көзқарас, пікірлер талқыға түседі.

Пікірсайыс (грек - *polemikos* - жаулық, дұшпандық) табиғаты өзгешелеу. Бір мәселені талқылау мақсатында жиналыстарда, баспасөзде орын алатын сайыс. Көзқарасқа қарсы тұрушылық, идеядағы бітіспестік. Мақсаты - қарсы жақты жеңіп шығу, өз пікірінде қалып, соны бекіту. Пікіралмасу да, ойталқы да, пікірсайысы да бұлтартпас дәлелдерге, ғылыми аргументтерге сүйенеді.

Пікірталастың ойбөліс, сөзталас, айтыс деп аталатын түрлері табиғаты жағынан бір-біріне жақын. Бұларда пікірталасына түскен адамдардың арасында сыйластық, түсіністік орын алады. Ойбөліс (фр. *debat* - айтыс, жарыссөз) көпшілік алдында екі адамның не екі топтың бірдеңе туралы ой-пікірлерін ортаға салуы. Ойбөлісте пікір алшақтығы болғанмен, ол түсіністікке негізделеді.

Сөзталас (орыс. *прения* - қандай да бір мәселені көпшілік алдында талқылау) ойбөліс сияқты баяндамаларды талқылағанда, хабарламалар жасағанда, конференциялар мен жиналыстарда орын алады. Ойбөліс екі адамның арасында да орын алады.

Айтыс (қазақ. - сөз жарысы, өнер жарысы) екі адамның да, көпшілік арасында да жүзеге асады. Айтыс ақындарының тілі төгіле жөнелетін шалқыма шешендікке негізделеді. Ақындық айтыстардың шешендік сөзге жататындығы оның тек қана шындықты айтатындығында, айтыста қоғамдағы, тұрмыс-тіршіліктегі орын алған кемшіліктер айтылады, жақсылықтар мақталып, үлгі-өнеге етіледі. Сондықтан, айтыста әлеуметтік үн болады. Айтыс тыңдаушы, сыншы жұрттың алдында өтеді, бұның өзі айтыс ақынынан қиыннан қиыстыратын шеберлікті, мол білімді, алғырлықты, тапқырлықты талап етеді.

Пікірталастың қай түрінде болмасын сайысшылар пікірталас мәдениетін білулері керек, ол пікірталастың нәтижелі өтуіне көмектеседі, табыс әкеледі. Алдымен пікірталастың тақырыбын біліп алулары керек. Қандай пікірталас болмасын, тақырыбы анық болғанда ғана сәтті болады. Тақырып дегеніміз - талқыға түскен мәселенің аты және сөйленетін сөздің негізгі мағынасы, мазмұны, түйіні. Сайысшылар пікірсайысына түспес бұрын сол тақырыпқа көзқарастарын анықтап алады, демек оған қалай қарайтыны, қолдайтын, қолдамайтыны белгілі болуы керек. Егер бұл мәселеде нақты көзқарас болмаса, пікірталасқа түсіп, абырой табу екіталай. Сайысшылардың пікірі әр түрлі болғанымен, ортақ шешім шығаруға, шындыққа көз жеткізуге ұмтылу керек.

Пікірталаста ой мен сөз бірлігі - жеңіске жеткізетін құрал. Пікірталастың тақырыбына қатысты ұғымдарды анықтап, қажетті сөздер мен терминдерді дәл тауып алу қажет. Әйтсе де, ғылыми терминдерді шектен тыс қолданбаған жөн. Пікірталасқа түскендердің бәріне ортақ қолданылған сөздер түсінікті болуы керек.

Пікірталас мәдениетінде қарсыласын құрметтеу, пікірін сыйлау, оны сабырлықпен тыңдау - маңызды нәрсе. Қарсыласының сөзіне нанымды дәлелдермен тойтарыс беруге болады, бірақ дөрекі сөздермен, мазақ күлкімен жәбірлеуге, дауыс көтеріп ұрысуға мүлде болмайды. Басқалардың көзқарасын құрметтей білу - ойлы, ақылды, білімді адамдардың ісі. Сыйлы қарым-қатынас, қарсыласының пікірі мен көзқарасын түсінуге тырысу - даулы мәселелерді жемісті талқылауға қажетті алғы шарт болып табылады. Сондықтан барлық мәселеге бірдей қарсы шығуға болмайды. Қарсыласының кейбір пікірімен келіскен де пайдалы. Келісе отырып, бұл дәлелдердің пікірталас тақырыбына қатысы жоқ екенін ескертуге болады. Сөйтіп, өз көзқарасының дұрыстығын қорғап қалуға болады. Қарсы жақтың келтірген дәлелдері орынды болса, оған қарсы шығудың қажеті жоқ. Қасарысқан қыңырлық ешқашан пікірталаста нәтиже бермейді.

10-тақырып. Көпшілік алдында сөйлеуге дайындық.

Дәріс жоспары:

1. Көпшілік алдында сөйлеуге дайындалу.
2. Көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымы.

Дәріс мақсаты: Аудитория алдына шығар алдындағы дайындық мәселелері туралы айту, көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымын түсіндіру.

Дәріс мазмұны: Сөйлеуге дайындықтағы басты талаптардың бірі - өзіңе деген сенімділікті қалыптастыру. Сөйлер алдында шешен көп жағдайда қатты толқиды, тіпті тыңдаушылармен кездесуден қорқуы да мүмкін, өзіне-өзі сенімсіздік білдіреді. Неміс зерттеушісі Отто Эрнст «Сізге сөз берілді» деген еңбегінде көпшіліктің алдындағы қорқыныштың себептерін ашып, одан құтылудың жолдарын көрсетеді. Оның пікірінше, қорқыныштың себебі - шектен тыс ойлап қайғыру. Мұндай жағдайда сөздің мазмұнына ғана көңіл аударып, іс жайында ғана ойлануды ұсынады. Шешен өзінің сөйлеуге жақсы дайындалғанын, сондықтан тыңдаушыларға пайдалы және маңызды нәрселер айтатынына өзін сендіруі керек дейді. Тәжірибесі жоқтарға мүмкіндік туған кезде өзі сөз сұрап алып, сөйлеп үйрену керектігін айтады. Яғни, шешенге психологиялық дайындық керек. Сөйлеуші өзінің көңіл-күйі мен сезімін билей алуы керек. Шешен сөйлеуге жете дайындалмағандықтан да қорқуы мүмкін. Лекцияға жақсы дайындалған кезде ғана шешен өзіне сенімді болады. Материалды қаншалықты жақсы білсе, соншалықты аз толқиды. Сөйлеуге дайындықта шешеннің өз білімін көтеруі маңызды роль атқарады. Өз білімін көтеру дегеніміз - жаңа біліммен толықтыру, ғылым мен техника жайында мәліметтер жинау, баспасөз, радио-телехабарлардың мәліметтеріне қанық болу, көркем әдебиет пен ғылыми кітаптарды көп оқу.

Жаңа білім-ғылымға үнемі құштар болу, өзіне өзі үнемі қанағаттанбау - шешенді табысқа жеткізетін құрал. Газет-журналдардың қиындылары, түрлі әдебиеттер, энциклопедия-сөздіктер, радио-телематериалдар, мақал-мәтелдер мен қанатты, өнегелі сөздерді жинастырып отыру арқылы өз кітапхананды қалыптастыруға болады. Сөйленетін сөз мазмұнды болу үшін бірнеше еңбектерді

пайдаланған дұрыс.

Күнделікті дайындық шешенді шығармашылыққа бейімдейді, ауызша және жазбаша сөйлеудің мәдениетін көтереді. Дұрыс, айқын, дәл, түсінікті, таза және образды, эмоциональды сөйлеуге жаттығу күнделікті дайындықта орын алуы тиіс. Күнделікті дайындық дегеніміз іскер адамдар және білімді топ арасындағы маңызды әңгімелер мен сөйлесулерге қатысу, достар мен туыстар арасында туындаған мәселелерді талқылауға белсене қатысу, семинар, практикалық сабақтарда сөйлеу жатады. Жаңа бастаған шешендер үшін өздерінің жазу стилін қалыптастыруда хат жазу ісі жақсы мектеп бола алады. Хаттарда тек тұрмыстық сипаттағы жайларды ғана емес, әлеуметтік мәселелерді де қамтып отыру қажет.

Шешендердің сөйлеу әрекетіне талдау жасай білу - шешендік тәсілді меңгерудің бір жолы. Жиналыс, конференцияларда сөйленген немесе радио, теледидардан тыңдаған шешендердің сөйлеген сөздерінің тек мазмұнына ғана көңіл аударып қоймай, материалды беру тәртібіне, тіл шеберлігіне, сөйлеу құрылымына, шешендік әдістерге де көңіл бөлген жөн. Шешеннің сөйлеуінде не ұнады, не ұнамады, қай сөздері сәттілікке жеткізді, қайсысы сәтсіздікке ұшыратты дегендерге талдау жасау керек. Әсіресе, шешеннің аудиториямен қарым-қатынасына, өзін-өзі ұстауына назар аудару керек. Мысалы, Демосфен шешендердің сөзін көп тыңдаған, естіген сөздерін жүйесін бұзбай қайта айтып шығатын болған. Өзіне ұнамаған жерлерін түзетіп, қайта құраған. Сәтсіздікке ұшыраған шешендердің сөздеріне талдау жасап, себебін анықтап отырған. Сәтті қолданған сөздерді жазып алып, кейін өз сөзінде қолданып отырған. Осылайша, шешендердің сөздеріне талдау жасау арқылы өзі де үйренген.

Көпшілік алдында сөйлеу әдістемесін меңгеру - күнделікті дайындықтың бір бөлігі. Дайындық кезеңінде шешендердің қызметі қандай сатылардан тұрады, сөйлейтін сөзді қалай орналастыру керек, тыңдаушылармен кездесуге қалай дайындалу керек, аудиторияны меңгерудің қандай амалдары бар екенін жақсы білу шарт.

Дайындық сөйлейтін тақырыпқа, сөйлеудің мақсаты мен міндеттеріне, аудиторияның құрамына, тақырыптың өзіндік ерекшеліктеріне т.б. тікелей байланысты.

Тақырыпты анықтауда ең қажеттісі - сөйленетін сөздің өзіне де, тыңдаушыларға да қызықты әрі өзекті болуы. Тақырып қысқа, нақты, айқын болуы қажет, ол тыңдаушылардың көңілін аударатындай болуы тиіс. Тақырып жалпылама әрі түсініксіз болса, тыңдаушыларды қызықтырмайды, кері әсерін туғызады. Тақырып шешеннің сөйлеуге дайындық кезінде есінен шықпай толғандырып отырады. Шығармашылық әрекеттің үш түрлі - материал жинау, жиналған материалдарды қорыту, қорытылған материалды жазу кезеңдерінде тұтас желі болып тартылып отырады. Кез келген сөйлеуге дайындық тақырыпты анықтаудан басталады. Таңдалған тақырыптың сөзбен өрнектелуі де маңызды. Атаудың жалпылама болуынан да қашу керек, жалпы атау көптеген сұрақтардың тууына әкеліп соғады, сөйлеуші оның бәріне бірдей жауап бере алмауы мүмкін. Тақырыптың маңызы идеяға, өмірлік өзекті ойға арқау болуына байланысты. Тақырып - шешен қозғаған өмір құбылысы болса, идея - сол өмір құбылысы туралы шешеннің айтпақ ойы, көзқарасы, берер бағасы. Көпшілік алдына шығатын шешен ұсақтамай, өмірдегі ең басты нәрселер туралы ойлауы, ең мәнді мәселелер туралы

жазуы керек.

Мақсатты тұжырымдау - сөйлеуге дайындық кезінде сөйлеудің мақсатын айқындау деген сөз. Сөйлеуші қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын анық көрсетуі керек. Егер сөйлеуші «Не үшін сөйлеу керек?» дегенді ойламаса оның табысқа жетуі қиын. Сөйлеуші өзінің алдына мақсат қойып қана қоймай, тыңдаушылардың мүддесіне қатысты мақсатты да айқындау керек. Айқын мақсат қоя білу шешен сөзін қабылдауды жеңілдетеді, тыңдаушылардың назарын аударуға көмектеседі.

2. Көпшілік алдында сәтті сөйлеп шығу үшін материал жинаумен бірге, ол материалдарды қалай орналастыруды ойлау керек, Ол үшін сөйленетін сөздің құрылымын түзу, сөздің жүйесін анықтау маңызды.

Сөздің құрылымын түзуде әуелі жоспар жасау керек. Жоспар дегеніміз - мазмұнның қысқаша бағдарламасы, жинақталған, содан кейін сұрыпталған материалдардың орналасу тәртібі. Жоспар негізгі тақырыптан ауытқып кетпес үшін, ой желісі бұзылмай, бір мәселеден екінші мәселеге жүйесіз көшіп кетпеу үшін қажет. Жоспарда бір тақырыптың төңірегіндегі қозғалатын мәселелердің қайсысы негізгі, қайсысы көмекші екенін ажыратып, неден кейін нені айту керек, қайсысына қанша уақыт бөлу керектігі ескеріледі. Жоспар жасалғаннан кейін сөйлейтін сөздің құрылымы түзіледі. Ауызша және жазбаша сөйлеудің ең көп таралған құрылымы үш бөліктен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды. Әрбір бөліктің өзіндік ерекшелігі бар. Әсіресе сөздің кіріспесі мен қорытындысына баса көңіл бөлу керек.

Кіріспе. Шешен сөзінің басында тыңдаушыларды қаншалықты қызықтыра алса, соншалықты табысқа жетеді. Кіріспе сөз қызықсыз болса, тақырыпқа тыңдаушылардың көңілін аударма алмайды. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, тыңдаушылар үшін маңыздылығы, айтылу мақсаты және тақырыптың қысқаша тарихы баяндалады. Кіріспені қызықты мысалдармен мақал-мәтелдермен бастауға болады, аудиторияны қызықтыратын тақырыпқа қатысты оқиғаларды әңгімелеу де ұтымды болмақ. Кейде тыңдаушылардың көңілін аудару үшін сұрақ қойып бастауға да болады.

Негізгі бөлім. Тыңдаушылардың қызығушылығын сөздің аяғына дейін сақтау үшін кіріспе бөлімнің мәні үлкен әрі сөздің негізгі құнары, ойы осы бөлімде айтылып, дәлелденеді. Негізгі бөлімде материалдың мазмұны түсіндіріледі, дұрыстығы түсіндіріледі, ұсынылатын идеяға көз жеткізіледі, басты сауалдарға жауап беріледі. Негізгі бөлімге енген материалдар жүйелі орналасқанда бірінші ой екіншісін жетелеп отырады.

Қорытынды сөз. Кез келген сөздің маңызды бөліктерінің бірі - қорытындысы. Сенімді және сәтті жасалған қорытынды сөз тыңдаушылардың есінде ұзақ қалады, жақсы әсер тудырады. Сәтсіз қорытынды жап-жақсы сөйленген сөздің шырқын бұзады. Қорытынды кіріспеде айтылған әңгімемен байланыстырылған жөн. Кіріспе мен қорытындыда айтылған сөз жұрттың есінде ұзақ қалады дейді зерттеушілер. Қорытындыда шешен кіріспеде айтылған мақсатқа қайта оралып, негізгі бөлімде айтылған ойлардан түйін шығарады, тыңдаушылардың алдына нақты міндеттер қояды. Сөйлеушінің соңғы сөзі әсерлі болуы керек, тыңдаушыларды белсенді әрекетке шақырып, тиімді іске жұмылдыруы қажет. Кейде қорытынды сөз тыңдаушыларды рухтандыру, жігерлендіруі үшін ұран түрінде де айтылуы мүмкін.

Сөйлейтін сөзді жазып дайындау немесе жазбау мәселесі туралы талас пікір бар. Ежелгі грек, рим шешендері Цицерон, Демосфендер сөйлеуге әрқашан жазып

дайындалған. Басқа елдерде, қазақтарда да дайындықсыз, табан астында тауып, төгілтіп сөйлеген шешендер де көп болған. Қазіргі шешендікте сөйлеуге жазбаша дайындалу шешеннің ойын ретке келтіреді, мазмұнда жүйелілік қалыптастырады, басы артық нәрсені айтпауды үйретеді, ойдың қайталануына жол бермейді. Айтылған сөзді қайтып ала алмайсың, ал алдын-ала жазылған сөзді сызып жөндеуге болады.

11-тақырып. Шешендік сөздің сапалық белгілері.

Дәріс жоспары:

1. Шешендік сөздің сапалық белгілері.
2. Шешендік сөздердегі көркемдік құралдар

Дәріс мақсаты: Студенттерге шешендік сөздің сапалық белгілерін түсіндіріп, шешендік сөздердегі көркемдік құралдар туралы айту және нақты мысалдардан оларды таба білуге дағдыландыру.

Дәріс мазмұны: Шешендік сөздің мазмұндылығы. Шешендік сөз ақыл-парасатқа негізделсе мазмұнды болады. Шешендік сөздің мазмұндылығы сөйлеушінің ақыл-ой дәрежесіне, жан-жақты біліміне байланысты. Шешендік сөздің теориясын жазғандардың бірі Цицерон шешен болу үшін жан-жақты білім керектігін айтқан. Оның өзі ғылымның барлық салаларынан хабардар болған. Сондықтан кез-келген тақырыпта еркін сөйлеген. Мазмұнды сөз тыңдаушылары мен оқырмандарын ләззатқа бөлейді, қуаныш әкеледі, жаңа білімдермен толықтырады.

Қазіргі кезең - ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманы. Бүгінгі әдеби тіліміз ғылыми терминдерге бай. Өмірде болып жататын құбылыстар мен оларға берілетін түсініктемелер тілімізді сөздер, сөз тіркестері арқылы беріледі де, қалың көпшілікке терминдік атау арқылы тарайды. Терминдердің пайда болу, қалыптасу кезеңіне көз жүгірте отырып, қоғамның дамуы, ғылымның өркендеуі, адамдардың ақыл-ойының өсу дәрежесі туралы баға беруге болады. Әр түрлі мамандық иелерінің сөйлеу тілінде терминдердің жиі қолданылуы заңдылық. Бірақ сөйлеушілер терминдердің мағынасын дұрыс түсініп қабылдағанда, оларды орнымен жұмсай білгенде ғана шешендіктің мазмұндылығы арта түседі.

Лебіз мазмұнды, әсерлі болуы үшін жалпылама сөйлеуден қашу керек. Сөздің нақтылы, дәлелді болуын көздеген жөн. Бос сөз ешкімге білім бермейді, қайта тыңдаушыны жалықтырады. Сөз мазмұнды болуы үшін алдын-ала дайындықта мыналарды ескерген дұрыс:

кімдердің алдында сөйлейді? аудиторияны қандай мәселе қызықтырады? сөз мазмұнында тың деректер мен дәлелдемелер жеткілікті ме? авторлық көзқарас, қорытынды түйін бар ма?

Сөздің дәлдігі, ойдың айқындылығы. Ой айқындылығы сөз қолданыстағы дәлдікпен тығыз байланысты. Сөз қолданыстағы дәлдік сөйлеушінің тақырыпты қаншалықты меңгергендігімен, ойлау жүйесінің тереңдігімен, әдеби тілдің байлығы мен нормасын жетік білумен өлшенеді. Сөз мағынасын жақсы білген адам әр сөзді орнымен жұмсайды. Сөйлеуші сөздің табиғи мүмкіншілігін - тура мағынасын, көп мағыналылығын, синонимдік, антонимдік, омонимдік қасиеттерін кең түрде пайдаланумен бірге, сөздерді ауыспалы мағынада, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді қыбын тауып қолдана білгені жөн.

Әдеби қолданыста әр түрлі мағынаға ие болатын көп мағыналы сөздерді өз

орнында ұтымды қолдана алса, ой мен ұғым дәлдігіне жетеді. Немесе мағынасы бір-біріне жуық, мәндес сөздер болғанымен, синонимдер көп жағдайда бірінің орнына бірі жүре бермейді. (Мысалы: дүние - бүкіл әлем, жер жүзі, өмір, тіршілік, мал, мүлік, көңіл-күй одағайы т.б.). Синонимдер сөйлеуді көркемдеп, түрлендіреді, бір сөзді қайталай беруден арылтады. Ал бір-біріне кереғар, қарама-қарсы мағынадағы антонимдер ойды әсерлі, бейнелі түрде жеткізудің оңтайлы құралы болып есептеледі.

Күлемін де жылаймын, Жылаймын да күлемін. Неге ғана бұлаймын, Өзім ғана білемін, - дегенде Қ.Аманжолов адамның, жан дүниесінде болатын құбылуларды дөп басып бейнелейді.

Омонимдерді орнымен қолдану сөйлеуде логикалық қате жіберуден сақтандырады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер дәлдікпен қолданғанда ойдың айқындығымен қоса, сөйлеу тілінің көркемдік деңгейін көтереді. Міне, осылайша сөздерге мағыналық өң беріп, бейнелі тіркестер жасауда тіліміздің мүмкіндігі шексіз. Шешен сөйлеуге талаптанған әрбір жан осыны ұмытпауы керек.

Тіл тазалығы. Таза сөйлеу - ой айқындылығының белгісі. «Тіл тазалығы дейтініміз, - дейді А.Байтұрсынов, - ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, ескірген сөздерге жоламау, жергілікті сөздерден қашу...». М.Балақаев: «Таза сөйлеу дегеніміз - сол тілдің жалпыға ортақ байлықтарын пайдаланып, «бөгде» сөздерді араластырмай сөйлеу», - дейді. Бөгде сөз дегенде төл сөздер мен өзге тілден ауысып, тілімізге сіңісіп кеткен сөздерді айтып отырған жоқ, ол сөздер бұл күнде қазақ тілінің нормасына айналып, жалпы халықтық қасиеттерге ие болған. Тіл тазалығын сақтамау дегенде жеке адамдардың шетелдік сөздерді, әсіресе орыс сөздерін орынсыз қолдануын айтады. Тіл тазалығы керексіз, басы артық сөздерді қыстырып сөйлеуден де бұзылады. Сөйтіп, солай етіп, жаңағы, нетіп, міне, сосын, құсап, яғни, жүдә секілді қыстырма сөздерді көп қолдану сөйлеушінің сөзін кедейлендіреді, тыңдаушыларды мезі қылады, шешенді күлкіге ұшыратады. Мұндай қыстарма сөздер сөйлеушінің қысылып-қымтырылғанынан, ойын дұрыс жеткізе алмауынан, сөздік қорының аздығынан туындайды. Тіл тазалығын ойлау шешеннің сөйлеу әрекетінің сапасын көтереді.

Белгілі бір топтар арасында қолданылатын жаргон сөздер де тіл мәдениетіне кесел келтіреді. Адам тіпті тұрмыстық қарым-қатынаста сөйлегенде де қарапайым, дөрекі, тұрпайы сөздерді айтудан аулақ болуы керек. Сөйлеуші адамдардың ой-өрісінің кендігі, салиқалы, салауаттылығы сөйлеу тілінен аңғарылады. Мәдениеті жоғары, білімді, парасатты адамдар ауызекі сөйлегенде де әдеби тілдің нормаларын сақтап, тұрпайы, дөрекі, былапыт сөздерді араластырмай, өз ойын мәдениетті түрде жеткізіп отыруға дағдыланады. Сөйлеу мәдениеті жоғары адамдар жақсы өмір сүріп қана қоймайды, шешендікке де қол жеткізе алады. Себебі, шешендік — тіл мәдениетінің жоғары формасы.

2.Сөздің таза, дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстіне, лебіз көрнекті де көркем болуы керек. Көркем сөз - көрікті ойдың көрінісі. «Шығарма тілі екі түрлі болады, - дейді А.Байтұрсынов, - 1) ақын тілі, 2) әншейін тіл. Ақын тілі айрықша өң беріліп айтылған сөз, әншейін тіл ондай өң берілмей, жай айтылған сөз. Ақын тілімен сөйлегенде, сөзге айрықша өң берілгендіктен, лебіз көрнекті болып шығады. Әншейін тілмен сөйлегенде сөзге өзгеше өң берілмегендіктен, лебіз сида, жалаңаш

болып шығады. Әншейін тіл көбінесе сөздің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін талғайды. Ақын тілі сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне көрнекі, әуезді болу жағын да талғайды. Лебіз көркемдігі тілдегі әр алуан көріктеу құралдары мен айшықтау тәсілдерін орнымен, шеберлікпен қолдана алудан көрінеді. Олар: теңеу, кейіптеу, эпитет, метафора, метанимия, синекдоха, параллелизм, антитеза, инверсия, кайталау, риторикалық сұрақтар. Бұл көркемдеуіш элементтер шешендік сөздерді жай сөзден ажыратып тұратын тілдік белгілер болып табылады. Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді орнымен қолдану ойды бейнелі және түйіндеп жеткізудің құралы болса, троптар өмірдің шындығын, құбылысты кісінің көз алдына елестететіндей етіп суреттеуге көмектеседі.

Ана тілімізді терең меңгеріп, оның астарлы сырларына үңілемін, шешендік өнерден тәлім аламын деген жандар қазіргі шешендер сөзімен қоса, шешендік толғаулар мен билер сөзінің көркемдігіне назар аударғандары жөн.

Көріктеу (эпитет) - бір нәрсені көптен айырып, көзге көбірек түсердей етіп айтқысы келіп, ол нәрсенің атына айқын көрсеткендей сөз қосып айту. Қазыбек бидің:

Алтын ұяң Отан қымбат,
Құт берекең атаң қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат,
Асқар таудай әкең қымбат,
Туып өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат,
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат, -

деген жауабындағы асқар тауың, туып өскен, кіндік кескен дегендер - әбден тұрақтанған көріктеулер, ал алтын ұя, туып өскен, кіндік кескен дегендер - метафоралы көріктеулер.

Теңеуде екі жағдаят салыстырылады. Салыстырмалы мәнде берілген мағыналардың қолданыла келе тұрақтылық сипат алуы фразеологизмдерде сақталған: тонның ішкі бауындай, тайға таңба басқандай, тышқан алған мысықтай, т.б. Тілді көріктеу үшін қолданылатын теңеулер нәрсенің бейнесін суреттеп көрсетеді.

Бейнелеу (метафора) — ауыстыру, суреттеп отырған затты не құбылысты өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау. Метафора деп А.Байтұрсынов бір нәрседе болмайтын күйді екінші нәрседе болатын күйді көрсететін сөзбен айтуды айтады. Ол ауысу екі түрлі болады: тіл ауысуы, лұғат ауысуы. Әдеттегі ауысу тілдік болады да, айтушының сөзіндегі ауысу лұғаттық болады дей келіп, тілдегі ауысуға мынадай мысалдар келтіреді: суық сөз, жел сөз, қызыл тіл, ант ұрған, ми ашыған т.б. А.Байтұрсынов келтірген бұл мысалдар фразеологизмге жатады, демек, тілдегі ауысу лұғаттық сипат алады екен де, лұғаттық ауысу бейнелі қолданыс болып қалады. Олардың ішінде тілдік даму барысында тұрақтылық сипат алатыны болады. Байдалы бидің «Ағадағы мал - аспандағы мал, інідегі мал - індегі мал, баладағы мал - даладағы мал»,

«Сұраған адам - қайыршы, ұрлаған адам - қарақшы» дегенінде немесе Ә.Кекілбаевтың: «Бүгінгі отаншылдық - төзім, бүгінгі ерлік - сабыр, бүгінгі елдік -

тыныштық» дегенде ұғымдарды теңдестіріп, бір-біріне балама етіп алып отыр.

Алмастыру (метанимия) деп арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айту. Алмастыруда екі нәрсенің арасында белгілі бір байланыс болады. Қолы шапшаң дегеннің орнына қаламы жүйрік, сөзуар дегеннің орнына тілі ұзын деу метонимияға жатады. Төле бидің Қазыбек биге жауап беруін қарасақ:

Алысыңыз қалай? - Алысым жақын болды. Тәттіңіз қалай болды? Тәттім шырын болды. Несиеніз қандай? Несием, шүкір, өніп жатыр, -дегенде екі бидің даналығы, сөзге ұсталығы, сыпайылығы көрінеді.

Бернелеу (символ). А.Байтұрсынов бір нәрсенің, көбінесе адамның мінезін, құлқын, ғамалын екінші нәрсенің мысалында көрсетіп айту бернелеу болады дейді. Қ.Жұмалиев образ өз мағынасында емес, бейнелеу мағынасында айтылса, символдық образ немесе символ деп аталады дейді.

Әсірелеу. Бір нәрсені өте асырып немесе өте кемсітіп айту әсірелеу болады. Бұндағы мақсат - сөздің әсерін күшейту. Әсірелеу шешендік сөзде көп қолданылмағанмен, кейде мақтауға құрылған шешендіктің кейбір түрінде кездеседі.

Меңзеу (синекдоха) - бір ұғымның орнына екінші ұғымның айтылуы. Бір нәрсенің шеті, бүтіннің бөлшегі, көп ұғымның аз түйіні меңзеуге жатады. Шешендік сөзде кездесетін меңзеу образдылыққа құрылады, даналыққа негізделеді. Сырымның Мөңке биге «алты шаңырақтың іргесі ажырамасын» деген батасының немесе «Жігіттің үш жұрты бар» деген мақалдағы алты шаңырақ, үш жұрт дегендер меңзеуге жатады.

Әсерлеу деп сөздің әсерін күшейтіп сөйлеуді айтады. Әсерлеуге арнау, қайталау, шендестіру, түйдектеу, бүкпелеу, кескіндеумен қоса, параллелизм, аллитерация мен ассонанстар жатады. Шешендіктегі көп қолданылатын стильдік амалдың бірі - сұрай арнау. Шешендік сөздердегі арнау көпшілікке қатысты әлеуметтік мәселелерді қамтиды және жұртшылыққа ой тастау үшін айтылады.

Шешендік сөздегі қайталаулар белгілі бір стильдік мақсат көздейді, шешендік сипат береді, айтылатын лебізді көркемдеуге қызмет етеді. Қайталанатын сөздер, сөз тіркестері мен сөйлемдер негізгі ойға, айтылмақ мәселеге көңіл аударып, көбірек назар салғызу үшін ой екпінін түсіреді.

Дыбыстардың біркелкілігі - сөздердің құлаққа жағымды естілуі, сөйлемдердің үндесе тізілуі арқылы сөйлеудің әуезді болуы үшін қолданылатын амал. Дыбыстың үндесуін әдебиеттануда аллитерация мен ассонанс деп атайды.

Екі нәрсені қатар қойып, қарама-қарсы суреттегенде екеуінің айырмашылығы айқын көрінеді. Сөздің әсерлілігін арттыру үшін шешен сөздерде бұл шендестіру (антитеза) тәсілі жиі қолданылады. Байдалы бидің мына сөзіне назар аударайық:

Ағасы бардың, жақсы болса, жағасы бар, Жаман болса, інісіне жабар жаласы бар. Інісі бардың, жақсы болса, тынысы бар, Жаман болса, ағасына берер жұмысы бар. Баласы бардың, жақсы болса, панасы бар, Жаман болса, құдайдан берген пәлесі бар. Сөйлегенде алдыңғы сөзіңнен артқы сөзіңнің қуаты артып отырса, ол дамыту (градация) болады. Дамыту күрделі ойды беруде қолданылады, бір ойдан екіншісі туындап, бірінен екіншісі үстем болып отырады. Мысалы, Бәймен бидің Арыстан билеушіге айтқан мына сөзі дамытуға құрылған: «Иә, төрем, сіз төрелікті аққа бермейді екенсіз, қараға береді екенсіз. Қараға да бермейді екенсіз, параға береді

екенсіз. Мен ел жисам да, Жансүгірдей мал жимаған екенмін, мал жисам да, нар жимаған екенмін, нар жисам да, аң жимаған екенмін»

Шешендік сөздердің артықшылығы - олардың қай-қайсысының да параллелизмге құрылатындығында. Синтаксистік параллелизм - екі ұдай нәрсені, құбылысты, ұғымды, сезімді қатар қойып, жұптап суреттеу. Параллель жасайтын элементтер - салыстырмалы ұғымдар, тұлғалас сөздер, жасалу жолы бірдей сөйлемдер, сөздік қайталаулар, ырғақ, ұйқас. Шешендік сөздерде параллелизм, ең алдымен, ұйқасқа негізделеді. Мысалы, «Абай жолындағы» мына үзіндіге қарайық: «Аз нені айтады? Көптен көрген қорлығын айтады. Көп нені айтады? Азға жасаған зорлығын айтады».

Бұрынғы шешендік сөздерді сипаттайтын көркемдік белгілер осындай. Бұрынғы шешендік сөздер мен қазіргі шешендер сөздерінің тақырыбы да, стильдік сипаты да, қолданылатын орындары да бірдей емес. Әйтсе де, бұрынғы шешендік сөздер тақырыптық-мазмұндық жағынан, ақылға қонымдылығы, есті тәрбиелеуге бейімділігі жағынан, тілінің қуаты, көркемдігі, мәнділігі жағынан үйретері көп үлкен мектеп.

12-тақырып. Мәнерлеп оқу негіздері.

Дәріс жоспары:

1. Шешендік өнер және мәнерлеп оқу.
2. Мәнерлеп оқудың негізгі белгілері.
3. Дауысты тәрбиелеудің талаптары.

Дәріс мақсаты: Шешендік өнер мен мәнерлеп оқудың арасындағы айырмашылықты түсіндіру, мәнерлеп оқудың негізгі белгілерін көрсету және дауысты тәрбиелеудің талаптарын түсіндіру.

Дәріс мазмұны: Лекцияның толық тексі, яки конспектісі, тезисі, жоспары нақнағымен, жүйе-жүйесімен айқындалды делік. Мазмұндық желісін, мағыналық мәнерлілігін, көркемдік қуатын тыңдаушыларға үлбіретіп, үлпілдетіп сұлу жеткізу үшін ауызша айту оңтайлы ма, әлде оқып берген қолайлы ма? Мұның бәрі шешеннің өнерпаздық табиғатына байланысты. Еске сақтау қабілеті күшті болса, ойша сөйлегеннің табиғи әсері қуатты болады.

Мәнерлеп оқу барысында өзінді-өзің тыңдау білу де әрі ести білу де өнер. Әдебиет тілін өзіне тән сипаттарымен дауыстап сұлу, айқын жеткізуге дағдыланған жөн. Ой мен сезім толқындарының нәзік реңктерін назардан тыс қалдырмаған дұрыс.

Мәтіннің иін қандырып, нәшіне, кемеліне келтіріп, егжей-тегжейлі дайындап, мұздай қаруланып алған соң, тыңдаушылардың алдына шығасың. Сондайда қандай тәсілге сүйеніп сөйлеу керек. Асылы, мұның үш түрлі тәсілі бар. Біріншісі, тексті оқу. Екіншісі, еске сақтау қабілеті бойынша ойша айтып шығу, ара-кідік кейбір үзінділерді де оқу. Үшіншісі, еркін импровизациямен есілтіп-төгілтіп айту.

Атап, өтерлік жәйт, дипломатиялық сөздер мен баяндамалар оқылғаны қажет. Саясат пен ғылым ауытқымауды талап етеді.

Шешенге пәнді терең, жан-жақты меңгеру, мақсаткерлік пен икем-бейім керек. Икем-бейімнің баяндылығы жүйелі жаттығулармен, қажырлы ізденістермен жүзеге асады. Шешеннің өзгеге өзгеше ықпалын ескерер болсақ, ол қоғамның көсемі. Сөйлеу барысында сөйлемнің мән-мәйегін жарқыратып көрсету үшін, сөздің

мәнерлі әрі экспрессивтік бояуын түрлендіріп беру үшін дыбыстың мейлінше айқын, мөлдір, таза естілуі үшін, көркемдік ерекшеліктерін жетік жеткізу үшін шешеннің дыбыстау мүшелері аса жетілген, дамыған болуы керек. Сонда ғана тыңдаушының әдемілік, сұлулық, эстетикалық ой-сезімін оятып қалыптастырады.

Сөз өнерпазы дауысының әдемілігі, кең тыныстылығы, жағымдылығы үшін жанын аямайды. Сөзді анық түсінікті ажыратып айтуға, гармониялық келісім тудыруға, сөйлемнің ырғағын, екпінін, өлшеуін өзгертіп көркемдеп түрлендіруге күш салады. Мәнерлеп сөйлеу мәдениеті дегенде алдымен айтатын нәрсе әрбір сөйлемнің өз орайында әр алуан ырғақты үн, тиісті әуені, музыкалық сазы болады. Сондықтан айтылған сөз бен жазылған сөз тепе-тең бола алмайды. Әрбір сөзді, сөйлемді, сөз тіркесін айтылмақ ойдың мазмұнына сәйкестендіріп айту сөйлеу тілі мәдениетінің басты талабының бірі болмақ.

Жұрт алдында ауызша әдеби тілде сөйлеу оңай емес. Айтайын деген ойын қиыннан қиыстырып, өзінің тіліне жеңіл, тыңдаушыларының түсуіне оңай, көңіліне қонымды етіп жеткізу әр насихатшыдан үлкен шеберлікті талап етері даусыз. Сөздің майын тамызатын шеберлік пен шешендік әр насихатшының еншісіне тие де бермеуі мүмкін. Дегенмен үгітшілер мен саяси хабаршылар дәріске жан – жақты дайындала отырып, өз сөзін таңдаушыларының ақыл – ой сезімін еркін билеп алатындай әсерлі де әрлі жеткізуге тырысары сөзсіз. Ал әсерлі жеткізудің сыры тек сөздер мен сөз тіркестерінің түрлену, тіркесу заңдылықтарын, грамматикалық тұлғалардың өзіне тән ерекшеліктерін, әр сөздің стильдік бояуын, мағыналық түрленуі мен қолданылу аясын білумен ғана емес, сөйлей білуге, сөйлеу техникасын жете меңгеруге де байланысты. Мәселен, айтайын деген ойың қаншама маңызды, сөздерің ойлы да образды болғаныменен, сөйлеу қағидаларын, орфоэпия заңдылықтарын ескермесең – лекцияның сапасын төмендетеді. Өйткені тілімізде әр сөздің, қала берді, әр дыбыстың айтылу, бір – бірімен үндесу, ықпал ету заңдылығы бар. Дыбыстардың жеке тұрғандағы айтылуы мен сөз, сөйлем ішіндегі қолданылуы бірдей емес. Сөйлеу кезінде сөз ішіндегі дыбыстар жасалу орнына қарай, бір – бірімен үндесіп, қатандары ұяңданып, екпінге орай кейбірі түсіп қалып та немесе ритмикалық топ құрап бір ырғақпен айтыла береді. Бұл – тілдің табиғатымен қалыптасып, дәстүрге айналған заңдылығы. Әдеби тілдің сөйлеу нормасын сақтау, тіркестің буын жігін, екпінін бұзбай, қиюын тауып өзінің әсем де жатық әуенімен жеткізу – үлкен өнер.

Сөз өнері деген ұғымға сөздерді дұрыс тандап, сөйлемдерді шебер құру ғана жатпайды, солардың әрқайсысының қиюын тауып, өз әуенімен, келістіріп айту мен оқу да жатады. Сөз өнері, тіл өнері дегендер сөздерді мағынасына сай жұмсап, сөйлемдерді шебер құру ғана емес, сөйлеу мәдениетінің жоғары болуына да саяды.

Тіл білімінде ойды жеткізудің тілден тыс көмекші құралдарын паралингвистика ғылымы зерттейді. Паралингвистика (грекше: пара – «возле», «около» деген мағынаны білдіреді) ғылымы екі саладан тұрады: 1) кинесика (грекше: kinesis «движение») және 2) фонация. Кинесика ғылымының негізгі зерттеу объектісі сөйлеу кезіндегі ым-ишара, қимыл-қозғалыс болса, фонация саласы – сөйлеу кезіндегі интонациялық ерекшеліктерді, дауыс ырғағын, паузаны тағы басқа қарастырады. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Мәселен, ым-ишара, қимыл-қозғалыс интонациямен сай келуі керек.

Ым-ишара (жест). Ым-ишара атқаратын қызметіне қарай екіг бөлінеді: 1) шартты, 2) шартсыз. Ым-ишараның шартты түріне әскери құттықтаулар, әр түрлі ұлттық дәстүрлер, мысалы, басты ию, кеудесіне қолын қою т.б. жатады. Ишараның бұл түрі көпшілікке түсінікті бола бермейді.

Мимика. Адамның бет құбылысының өзгеруі – ішкі жан дүниесінің қандай күйде екенінің айғағы. Кейбір жағдайларда сөзбен айтпайтын нәрсені көңілмен кимыл – қозғалыспен беруге әбден болады.

Фонация. Мәнерлі сөйлеу мәдениеті лектордың дауыс ырғағына, интонациясына да байланысты. Өйткені сөйлеу кезіндегі дауыстың сан түрлі құбылуы – адамның сол өзі баяндап тұрған мәселесіне қатысын, эмоциясын, сезімін білдіретіні сөзсіз. Интонация лектордың әр сөйлеміне жан беріп қана қоймайды, оның эмоционалдық бояуын күшейтеді. Интонация сөйлемді сан түрлі типтерге бөліп, әрқайсысы өз бояуымен, көтеріңкі, лепті, жай, хабарлы түрде айтылады. Ауызша сөйлеу мәдениеті сөйлеу темпімен де байланысты. Шешенге тым тез сөйлеуге де, тым баяу айту да болмайды. Тез сөйлеген кезде тыңдаушылар лектордың ойын толық игере алмай қалса, тым баяу болса жалығып кетеді. Сондықтан, лектордың айтпақ ойының мақсатына, мазмұнына қарай сөз бірде баяу, бірде жылдам айтылуы тиіс. Хабардың тақырыбына қарай дауыс күшін де өзгертіп отыру керек. Мәселен, әдеби хабарлар саяси хабарларға қарағанда көтеріңкі леппен айтылады. Дауыстың қаттылығы аудиторияның көлемімен байланысты болуы қажет.

Пауза. Сөйлеу кезіндегі пауза екі түрлі қызмет атқарады: біріншіден, сөйлеуші пауза жасау арқылы өз ойын жинақтап, негізгі фактілерді қорытындылауға, керекті фразаларды пайдалануға, тыңдаушыларының зейінін, ықыласын бағдарлауға мүмкіндік жасаса, екіншіден, аудиторияның айтылған мәселелерді сарапқа салып ойлануына да жағдай жасайды. Ауызша сөйлеу кезінде дауыс кідірісінің (паузаның) маңызы зор. Ол тек тыныс белгілерінің ғана ролін атқармайды, ол ойды мәнерлі жеткізудің бірден – бір жолы, тәсілі болып табылады. Сонымен, айтайын деген мәселесін тыңдаушыларына шашпай – төкпей өз мәнінде, байыпты да байсалды, тіл заңдылықтарына сай жеткізу – бүгінгі жалынды сөз жаршыларының негізгі де жауапты борышы. Оларға үлгі болар от ауызды шешендер мен шеберлер мектебі, сусындар білім бұлағы да жеткілікті. Тек тынымсыз еңбектенуге тиіс.

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

1. Шешендік өнер жайында түсінік.

Шешендік өнер жайындағы еңбектердегі шешендік өнер, шешендік сөз деген ұғымдарға берілген түсініктер. Шешендік сөзге берілген анықтамалар. Шешендік теориясын жасаған М. Т. Цицеронның жақсы шешен болу үшін табиғи дарындылық, қабілеттілікпен бірге жан-жақты білімнің және талаптың керектігі жайында айтқаны.

Айтулы шешен, орыс шешендік өнерінің теориялық негізін салушы М.В. Ломоносовтың шешендіктің кез-келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері екендігін, шешен болу үшін бес қасиеттің керектігін түсіндіруі.

ӘДЕБИЕТ.

Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1976.

Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы, 1999.

Адамов Е. Выдающиеся ораторы древнего мира и средних веков. М., 1961.

Апресян Г.З. Ораторские искусство. М., 1972.

Адамов Е. Выдающиеся ораторы древнего мира и средних веков. М., 1961.

2. Қазақ шешендік өнерінің тарихынан.

Қазақтың шешендік өнері мен шешендері жайлы алғаш Ш.Уәлихановтың айтқан пікірі. Көрнекті ғалым А.Байтұрсыновтың шешендік сөздің сиқырлы күшін танып, шешендік сөйлеудің мақсатын айқындауы.

Шешендік сөздерді арнайы тақырып етіп зерттеген Ә.Мәметова мен Б.Адамбаевтың пікірлері. Әдеби тілдің ауызша түрін зерттеген Р.Сыздықованың шешендік сөз деген терминге берген анықтамасы. Өткен дәуірдегі шешендер айтқан сөздер халықтың шешендікті өнер деп бағалағандығы. Кезінде С. Сейфуллин де билер сөзін шешендік өнер үлгілері ретінде танығандығы.

ӘДЕБИЕТ.

Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1976.

Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы, 1999.

Адамов Е. Выдающиеся ораторы древнего мира и средних веков. М., 1961.

Апресян Г.З. Ораторские искусство. М., 1972.

Аристотель. Об искусстве поэзии. М., 1957.

3. Шешендік сөздің әлеуметтік мәні.

Ежелгі Греция, Рим қоғамында, көптеген Еуразия халықтары мен шығыс халықтарында оның тарихи, қоғамдық құбылыс екендігі. Шешендік өнердің туып, дамуына қолайлы әсер еткен орындық - форумдар жайлы зерттеушілердің айтқандары. Есімдері әлемге әйгілі ділмар шешендердің көбіне мемлекет қайраткерлерінен, заң қызметкерлерінен, парламент мүшелерінен шығатындығы.

Шешендік өнердің көне түркіде, қазақ елінде де әлеуметтік мәселелерді шешуде және жас ұрпақты тәрбиелеуде өте маңызды роль атқаратындығы. Осыны дәлелдейтін әр дәуірдегі би-шешендер айтқан шешендік сөздердің үлгілері. Шешендік өнерді жоғары оқу орындарында оқытудың мақсаттары мен міндеттері.

ӘДЕБИЕТ.

Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1976.

Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы, 1999.

Адамов Е. Выдающиеся ораторы древнего мира и средних веков. М., 1961.

Апресян Г.З. Ораторские искусство. М. 1972.

Аристотель. Об искусстве поэзии. М., 1957.

Адамов Е. Выдающиеся ораторы древнего мира и средних веков. М., 1961.

4. Ежелгі Грециядағы шешендік өнер.

Шешендік өнердің ғылым ретінде риторика делінетіндігі. Зерттеушілердің пікірінше, риторика ғылымының негізін салушы - грек, софист Протогор болғандығы. Протогордың өз кезіндегі Сократ, Платон секілді философ-ғалымдармен замандас болғандығы, бірінші рет софистер арасында сөз айтысын, пікір таласын бастаған, өзі де сөз сайысына түскен шешен екендігі.

Шешендік өнердің ең алдымен Грецияда, Афинада өріс алғандығы. Ежелгі грек тарихында шешендік өнердің өркендеуіне атақты Салон заңының себеп

болғандығы. Онда б.д-д- 500-300 жылдар арасында атакты он шешен шыққандығы, солардың ішіндегі Лисий мен Исократтың, Демосфеннің есімдері ерекше аталатындығы. Демосфеннен 170 қолжазба, 60 шешендік сөз, 56 жазба сөз, 6 хат сақталып жеткендігі,

ӘДЕБИЕТ

Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1976.

Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы, 1999.

Негимов С. Шешендік өнер. А.,1997.

Ножин Е.А. Основы ораторского искусства. М., 1981.

Лувсандзан. Алтын шежіре. А.,1998.

Об ораторском искусстве. М.,1958.

Адамов Е. Выдающиеся ораторы древнего мира и средних веков. М., 1961.

5. Ежелгі Римдегі шешендік өнер

Шешендік өнердің Грециядан кейін Рим мемлекетінде дамығаны, онда Красс, Анатия, Гортенсия бастаған атакты шешен қолбасылар, қоғам қайраткерлері шыққандығы. Әрі шешен, әрі мемлекет қайраткері философ Цицеронның шешендік жайындағы ғылымның негізін салудағы орны. Оның «Шешендік өнер туралы үш трактат» деген еңбегінің мәні.

ӘДЕБИЕТ

Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1976.

Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы, 1999.

Негимов С. Шешендік өнер. А.,1997.

Ножин Е.А. Основы ораторского искусства. М., 1981.

Лувсандзан. Алтын шежіре. А.,1998.

Об ораторском искусстве. М.,1958.

Адамов Е. Выдающиеся ораторы древнего мира и средних веков. М., 1961.

6. Еуропа мен Ресейдегі шешендік өнер

Халықтар арасындағы қақтығыстар мен таптық шайқастардың да шешендік өнердің қанат жаюына жағдай жасайтындығы. Францияда Жан Поль Марат, Максимилиан Робеспьер, Ресейде В.И. Ленин, А.В.Луначарский сияқты революционерлердің шыққандығы. Шын мәнінде, орыс шешендік өнерінің М. В. Ломоносовтан басталатындығы. Оның «Шешендік өнерге қысқаша жетекшілік» еңбегінің маңызы.

ӘДЕБИЕТ

Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1976.

Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы, 1999.

Негимов С. Шешендік өнер. А.,1997.

Ножин Е.А. Основы ораторского искусства. М., 1981.

Лувсандзан. Алтын шежіре. А.,1998.

Об ораторском искусстве. М.,1958.

7. Көне түркі шешендігі

Жалпы қазақ шешендік өнерінің алғашқы нұсқалары түркі халықтарына ортақ Орхон-Енесей ескерткіштері мен жазба мұралар екендігі. Қорқыт атаның нақыл сөздері, М.Қашқари, Ж.Балсағұни, А.Иүгінеки, Құтб т.б. айтқан даналық сөздер шешендіктің нағыз үлгісі болып табылатындығы.

ӘДЕБИЕТ

Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1976.

Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы, 1999.

Негимов С. Шешендік өнер. А., 1997

Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. Билер сөздері. А., 1965.

Сөз атасы. А., 1987.

Сөз өнері. А., 1978.

Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. А., 1984.

Қосымова Г. Қазақ шешендік өнері

8. Қазақ шешендік өнерінің қалыптасуы.

Қазақ шешендік өнерінің бастауы мен даму кезеңдері. Шешендік өнер дамуындағы «Жеті жарғы» заңының мәні. «Жеті жарғы» заңының атақты Салон заңымен үндестігі. Шешендік өнерді қалыптастыруда саяси қызметкерлердің, билердің, жыраулардың, ақын-жазушылардың ролі. Майқы би, Аяз би, Асан қайғы, Жиренше шешеннің ерекше аталатындығы.

ӘДЕБИЕТ

Жазушы және сөз мәдениеті. А., 1983.

Жолдасбеков М. Асыл арналар. А., 1990.

Қабдолов З. Сөз өнері. А., 1982.

Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. А., 1987.

Қазақтың би-шешендері. А., 1987.

Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1976.

Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы, 1999.

Негимов С. Шешендік өнер. А., 1997

Қосымова Г. Қазақ шешендік өнері

9. Билер шешендігі.

ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. «Ел қорғасқан шешендер» ретінде Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің шешендік сөздері қарастырылатындығы. «Хан-сұлтандарға қарсы шешендерге» (ХҮІІІ ғ.) Байдалы би, Ер Жәнібек, Тіленші би, Тарақты Тұяқ, Шалқар, Сырым шешендердің жатқызылатындығы. «Би-болыстарға қарсы шешендерге» (ХІХ ғ.) Досбол, Балаби, Шөже, Сүйінбай сияқты шешен ақындар жататындығы.

Аталған би-шешендердің қоғам және халық алдындағы атқарған қызметі. Олар айтқан шешендік сөздердің тақырыптық мазмұны, әлеуметтік-тәрбиелік мәні.

ӘДЕБИЕТ

Жолдасбеков М. Асыл арналар. А., 1990.

Қабдолов З. Сөз өнері. А., 1982.

Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. А., 1987.

Қазақтың би-шешендері. А., 1987.

Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1976.

Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы, 1999.

Негимов С. Шешендік өнер. А., 1997

Қосымова Г. Қазақ шешендік өнері

10. Шешендік сөздің түрлері

Шешендік сөзге қойылатын негізгі талаптар. Аристотельдің шешендікті үш түрлі элементтен тұрады деуі. Ежелгі гректердің шешендікті поэзиямен, актерлік

өнермен байланысты қарауы. Р.Сыздықтың бұрынғы дәуірдегі шешендік сөздер мен қазіргі шешендіктің белгілерін айқындауы. Шешендік сөздерді Г.З.Апресян, А.Байтұрсынұлы,

Р.Сыздықтың жіктеу үлгілері және ондағы ортақтықтар. Б.Адамбаев пен Ә.Мәметованның топтастыруы.

ӘДЕБИЕТ

Жолдасбеков М. Асыл арналар. А.,1990.

Қабдолов З. Сөз өнері. А.,1982.

Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. А.,1987.

Қазақтың би-шешендері. А.,1987.

Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1976.

Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы, 1999.

Негимов С. Шешендік өнер. А.,1997

11. Шешендік сөздердің негізгі белгілері

Шешендік сөздің негізгі белгілері. Цицерон, Аристотель, Ломоносов, Апресян, Сыздықова еңбектері бойынша шешендік сөздерді құрайтын элементтер, шешендікке қойылатын талаптар.

Аристотельдің шешендікті үш элементтен: 1) сөйлеуші адам, 2) сөйленетін сөз, 3) тыңдаушы топтан тұрады деуі. Осы элементтердің арасындағы бірлестік.

ӘДЕБИЕТ

Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1976.

Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы, 1999.

Адамов Е. Выдающиеся ораторы древнего мира и средних веков. М., 1961.

Апресян Г.З. Ораторские искусство. М.,1972.

12. Бұрынғы шешендік пен қазіргі шешендіктің айырмашылықтары.

Ежелгі Грецияда шешендікті поэзиямен және ақындық өнермен байланысты қарағандығы. Орыс ғалымдары М.В.Ломоносов, В.Г.Белинский, Н.Асеев, Н.Афониндердің ақындық пен шешендікті бірлікте алып қарастыруы, ал Г.З.Апресянның ақындық пен шешендіктің бір емес екендігін, арасында айырмашылықтың бар екенін дәлелдеуі. Р. Сыздықованың бұрынғы дәуірдегі шешендік сөздер мен қазіргі кездегі шешендіктің белгілерін айқындауы.

ӘДЕБИЕТ

Андреев В.Н. Деловая риторика. Киев, 1993.

Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. А.,1971.

Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. А.,1984.

Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1976.

Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы, 1999.

13. Шешендік сөздің көркемдік ерекшеліктері

Шешендік сөздің көркемділігіне жататын негізгі әдіс-тәсілдер. А.Байтұрсынұлының айтқан тіл қисынына енетін тіл көрнектілігі. Көріктеу, теңеу, метафора, әсірелеу, мезгеу, қайталау т.б. анықтамасы. Сонымен бірге шендестіру, параллелизм, арнау, әсерлеу - шешен сөздерде күрделі ойды беруде қолданылатындығы. Шешендік үлгілерді сипаттайтын осы көркемдік белгілердің белгілі бір стильдік мақсатты көздейтіндігі, шешендік сипат беретіндігі. Сөз дұрыстығы әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс жұмсалудынан көрінетіндігі.

ӘДЕБИЕТ

Андреев В.Н. Деловая риторика. Киев, 1993.

Кирсанова А.В. Образность в речи лектора. Искусство лектора. Сб.вып. 1

Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. А.,1971.

Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. А.,1984.

Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1976.

Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы, 1999.

Адамов Е. Выдающиеся ораторы древнего мира и средних веков. М., 1961.

Апресян Г.З. Ораторские искусство. М.,1972.

14. Қазіргі шешендік өнер

Қазіргі шешендердің сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптар. А.Байтұрсынов, М.Балақаев, С.Исаев еңбектеріне шолу жасау. Қазіргі шешендер сөздерінің тақырыбы да, стильдік сипаты да, қолданылатын орындары да бұрынғы шешендік сөздермен бірдей еместігі. Сөз өнері адам санасының үш негізіне тірелетіндігі: ақылға, қиялға, көңілге. Тіл қисыны, сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, сөз дәлдігі, сөз әсерлігі, сөз әдеби сияқты заңдылықтардан тұратындығы. Қазіргі шешендер сөздерінен мысалдар келтіру.

ӘДЕБИЕТ

Андреев В.Н. Деловая риторика. Киев, 1993.

Кирсанова А.В. Образность в речи лектора. Искусство лектора. Сб.вып. I

Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. А.,1971.

Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. А.,1984.

Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1976.

Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы, 1999.

Негимов С. Шешендік өнер. А.,1997.

Ножин Е.А. Основы ораторского искусства. М.,1981.

Лувсандзан. Алтын шежіре. А.,1998.

Об ораторском искусстве. М.,1958.

15. Қазіргі шешендікке қойылатын негізгі талаптар мен шарттар.

Сөз дұрыстығы әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс жұмсалыуынан көрінетіндігі. Сөзді дұрыс жұмсау, біріншіден, әдеби тіл нормасына сәйкес сөздерді таңдау, жұрнақ, жалғау, шылау сияқты тілдік элементтерді өз орнына қолдану; екіншіден, мағыналарының жақындықтарына, грамматикалық сипатының сәйкестігіне қарай сөздерді бір-бірімен дұрыс тіркестіру; үшіншіден, сөйлем мүшелерін дұрыс орналастырып, сөйлемдерді бір-бірімен қиюын тауып дұрыс орналастыру екендігі. Қазіргі шешендер сөздерінен мысалдар келтіру.

ӘДЕБИЕТ

Қосымова Г. Қазақ шешендік өнері, Алматы, 2002.

Андреев В.Н. Деловая риторика. Киев, 1993.

Апресян Г.З. Ораторские искусство. М.,1972.

Гиздатов Г.Г. Судебная риторика. А., 1995.

Кирсанова А.В. Образность в речи лектора. Искусство лектора. Сб.вып. I

Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. А.,1971.

Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. А.,1984.

Бақылау- бағалау құралдары:

\$\$\$ Шешендіктану ғылымы қалай аталады?

- A) публицистика
- B) риторика
- C) тіл мәдениеті
- D) стилистика
- E) диалектика

\$\$\$ «Риторика – ақылға жетекшілік жасайтын өнер» деп баға берген кім?

- A. Цицерон
- B. Пифагор
- C. Платон
- D. Сократ
- E. Демокрит

\$\$\$ Шешендіктанудың алғашқы ғылыми талдамасының авторы кім?

- A. Аристотель
- B. Платон
- C. Исократ
- D. Цицерон
- E. Гораций

\$\$\$ «Сөйлеп көріңіз, мен сіздің кім екеніңізді айтайын» - деген ойды айтқан кім?

- A. Цицерон
- B. Демокрит
- C. Сократ
- D. Платон
- E. Аристотель

\$\$\$ Шешендікке қажетті үш сала (талант, дағды, білім) болу керек дегенді айтқан кім?

- A. Аристотель
- B. Цицерон
- C. М. В. Ломоносов
- D. Ф. Кони
- E. Сократ

\$\$\$ Цицерон шешендікке қажетті қанша дағды болу керектігін көрсетті?

- A. 7
- B. 5
- C. 3
- D. 2
- E. 4

\$\$\$ Шешендік өнердің түрін атаңыз:

- A. әңгіме айту
- B. Сурет сала білу
- C. Саяси тақырыпта сөйлеу
- D. Шығарма жазу
- E. өлең шығару

\$\$\$ Шешендік өнер түрін атаңыз:

- A. Сотта сөйлеу
- B. Әңгімелесе білу
- C. Сахнада ойнай білу
- D. Жыр айта білу
- E. Сөйлесе білу

\$\$\$ Шешендік өнердің үш қайнар бұлағының бірін көрсетіңіз:

- A. шеберлік
- B. Дағды мен қалып
- C. Көпсөзділік
- D. Таланттылық
- E. Табиғи қабілет пен дарын

\$\$\$ Шешендік өнердің үш қайнар бұлағының бірін көрсетіңіз:

- A. Мақал – мәтелдер білу
- B. Өлеңдерді жатқа айта білу
- C. Теориялық қисындармен қарулану
- D. Көркем шығармаларды оқу
- E. Дәйексөздерді жатқа білу

\$\$\$ Шешендік өнердің үш қайнар бұлағының бірін көрсетіңіз:

- A. әдеби кітаптарды оқу
- B. Шығармалар жаза білу
- C. Естігенді жадында ұстай білу
- D. Тынымсыз, толассыз еңбек, жүйелі жаттығу
- E. Тез жаттау қабілеті

\$\$\$ «Адам – барлық нәрсенің өлшемі» ғибратты сөзінің авторы

- A. Протагор
- B. Горгий
- C. Исократ
- D. Солон
- E. Кампанелла

\$\$\$ Шешендік өнердің бірінші мақсатын көрсетіңіз:

- A. Тыңдату
- B. Сөйлету
- C. Сендіру
- D. Жаздыру
- E. Айтқызу

\$\$\$ Риториканың бес бөлігінің бірін көрсетіңіз.

- A. Тақырып табу
- B. Материалды орналастыру
- C. Ойды қағазға түсіру
- D. Ойды жүйелеу
- E. Ауызша сөйлеу

\$\$\$ Жоғары стиль үлгісінің өкілі:

- A. Демосфен
- B. Сократ
- C. Кампанелла
- D. Ф. Кони
- E. М. Ломоносов

\$\$\$ Орташа стиль үлгісіне кім жатады?

- A. Коракс
- B. Платон
- C. Деметрий Фалерский
- D. Марк Фабий
- E. Лабрюйер

\$\$\$ Қарапайым стиль үлгісінің өкілін атаңыз:

- A. Марк Антоний
- B. Сократ
- C. Марк Тулий
- D. Лисий
- E. Аристотель

\$\$\$ Шешеннің міндеті түсіндіру, ояту, ләззатқа бөлеу деген тұжырым авторы кім?

- A. Демосфен
- B. Юлий Цезарь
- C. Кампанелла
- D. Цицерон
- E. Бебель

\$\$\$ Риториканың іргетасын қалаған кім?

- A. Цицерон
- B. Протагор
- C. Гиперид

D. Динарих

E. Демосфен

\$\$\$ Сөйлеген сөзі үшін Олимпте алтын статуя кімге қойылды?

A. Цицерон

B. Эсхин

C. Сократ

D. Демосфен

E. Горгий

\$\$\$ Адамдарды белгілі бір уәжге тоқтату, шынайы ақиқатты мойындату қай саланың міндеті?

A. Философия

B. Эвристика

C. Диалектика

D. Риторика

E. Публицистика

\$\$\$ «Шешендік өнер тәлімі еңбегінің авторы»

A. Сократ

B. Квинтилиан

C. Лукреций

D. Аристотель

E. Платон

\$\$\$ «Жанды сөз әрекеті арқылы көрініс беретін эмоционалды – интеллектуалды шығармашылықтың ерекше бірегей түрі ... аталады»

A. кино

B. сахна өнері

C. әдебиет

D. театр

E. шешендік өнер

\$\$\$ Шешендіктану – ауызша түрдегі әдеби шығармашылық деп бағалаған кім?

A. әл – Фараби

B. Аристотель

C. Ф. Кони

D. Сократ

E. Ломоносов

\$\$\$ Шешендіктің шеберлік элементін көрсетіңіз:

A. Сурет сала білу

B. Сөйлеу техникасын меңгеру

C. Шығарма жаза білу

D. Тез оқи білу

E. Сұраққа жауап бере білу

\$\$\$ Стильдің анықтамасын табыңыз.

A. Сөйлей білудің және жазу мәнерінің қалыптасқан жүйесі, амал-тәсілі.

B. Жазу мәдениеті, көне сөздерді қолдану тәсілі.

C. Сөйлей білу үшін қолданылатын құралдар туралы ілім.

D. Көркем сөйлеу әдебі, мәнерлеп айту жүйесі.

E. Ауызша сөйлеу әдебі.

\$\$\$ Сөз дұрыстығы дегеніміз не?

A. Әр сөздің немесе әр сөйлемнің дұрыс күйде жұмсалуды

B. Сөзді мәнерлі айту

C. Сөзді орнымен сөйлеу

D. Дұрыс жауабы жоқ

E. Бәрі де дұрыс

\$\$\$ Жеке сөздің, сөз тіркесінің грамматикалық тұлғалардың өз орнында қолданылуы қалай аталады?

A. Сөздің мәнерлілігі

B. Сөздің тазалығы

C. Сөздің қисындылығы

D. Сөздің байлығы

E. Сөздің дәлдігі

\$\$\$ Шешендік өнердің теориясы мен практикасы алғаш қай елде қалыптасты?

A. Ежелгі Рум

B. Ежелгі Грекия

C. Вавилон

D. Ассирия

E. Үндістан

\$\$\$ А. Байтұрсыновша шешен сөздің зор мүшелері.

A. Бастамасы

B. Ұсынбасы

C. Мазмұндамасы

D. Қыздырмасы

E. Бәрі де дұрыс

\$\$\$ «Халық даналығы» кітабының авторы кім?

A. М. Әуезов

B. Г. Қосымова

C. Б. Адамбаев

D. А. Қыдыршаев

E. С. Негимов

\$\$\$ Орыс шешендігінің негізгі белгілеріне жатпайды

A. Қысқа да нұсқа сөйлеу

B. Бос әңгіме айту

C. Тура ойлы айтылған сөздерге бас ию

D. Боссөзділікті, қызыл тілді бебезуді жек көру

E. Өзара түсінісуге шақыру

\$\$\$ «Шешендік өнер – сенім қызметшісі» - деп риториканың міндетін анықтаған кім?

A. Аристотель

B. Квинтилиан

C. Гораций

D. Цицерон

E. Коракс

\$\$\$ Аристотельдің шешендіктанудағы ірі еңбегі «Риторикасын» неше бөлімге жіктейді?

A. 2

B. 7

C. 4

D. 3

E. 5

\$\$\$ Белгілі бір мәселеге байланысты тапқыр ой, көркем тілмен айтылған және халық қабылдап, сөйлемдік құрамы қалыптасқан жүйелі де үлгілі сөздер

A. Қара сөз

B. Насихат сөз

C. Нақыл сөз

D. Шешендік сөз

E. Билер сөзі

\$\$\$ Көш бастау қиын емес –

Қонатын жерде су бар.

Қол бастау қиын емес –

Шабатын жерде жау бар.

Шаршы топта сөз бастау қиын –

Шешімін адам таппас дау бар – деп шешендік өнер туралы айтқан қазақ ақыны

A. Махамбет

B. Бұхар

C. Үмбетей

D. Шалғиіз

Е. Дулат

\$\$\$ Ауызша әдеби тілге жататынын көрсетіңіз

А. аудитория сөзі, лектор сөзі, автор сөзі

В. Дұрыс жауабы жоқ

С. А-дан басқасы дұрыс

Д. Шығарма, өлең, әңгімелер

Е. Баяндама, митингтегі, лектордың, оқытушының сөздері т.б.

\$\$\$ Бетпе - бет отырып екі не одан да көп адамдардың өзара пікір алысуы, түсінісуі неге тән?

А. Ауыз екі сөйлеу тіліне

В. Көркем әдебиет тіліне

С. Жалпыхалықтық тілге

Д. Поэзия тіліне

Е. Ғылыми тілге

\$\$\$ Тілдің таңдамалы, қолайлы, ой-пікірді дәл беруге жарамды, жалпыға ортақ жүйелерін ... дейміз

А. Әдеби норма

В. Тілдік норма

С. Орфографиялық норма

Д. Орфоэпиялық норма

Е. Лексикалық норма

\$\$\$ Шіркеулік шешендік теориясы қалай аталады?

А. Схоластика

В. Гомилетика

С. Догматика

Д. Диалектика

Е. Эвристика

\$\$\$ Классикалық риторикада шешеннің қанша міндеті бар?

А. 3

В. 6

С. 5

Д. 4

Е. 2

\$\$\$ Цицеронның түйіндеуі бойынша шешеннің міндеті қанша?

А. 1

В. 5

С. 3

Д. 6

Е. 2

\$\$\$ Шешендіктің қай түріне жатады?

Құлан жортпас құба жонға

Қурай шықпас деменіз.

Қу таяқты кедейге

Мал бітпейді деменіз

Жарлы байға теңеліп,

Жарыса қонбас деменіз.

А. Шешендік арнау

В. Шешендік толғау

С. Шешендік жұмбақ

Д. Шешендік дау

Е. Мақал

\$\$\$ Төмендегі шешендік толғау авторы кім?

Арғымақтың баласы

Аз оттар да көп жусар.

Тарлаудан татқан дәні бар,

Азамат ердің баласы

Аз ұйықтар да көп жортар.

- A. Бұхар
- B. Махамбет
- C. Дулат
- D. Шортанбай
- E. Мұрат

\$\$\$ Абайдың қай өлеңі шешендік толғау үлгісіне жатады?

- A. Әсетке
- B. Жарқ етпес қара көңілім не қылса да
- C. Бойы бұлған
- D. Сегіз аяқ
- E. Сәулең болса кеудеңде

\$\$\$ Белгілі бір адамға арнайы айтылған сәлем, сын, әзіл және бата (тілек) сөздер

- A. шешендік сөз
- B. Шешендік дау
- C. Шешендік толғау
- D. бата
- E. Шешендік арнау

\$\$\$ Риториканы диалектикамен қатар қойған ойшыл?

- A. Платон
- B. Фараби
- C. Аристотель
- D. Сократ
- E. Ян Гус

\$\$\$ Шешендік сөздегі көркемдік құрал – бейнелеу (метафора) туралы айтқан кім?

- A. Байтұрсынов
- B. Уәлиханов
- C. Ушинский
- D. Коменский
- E. Әбілқасымов

\$\$\$ Сөйлеуге дайындықтың неше түрі бар?

- A. 2
- B. 3
- C. 5
- D. 4
- E. 9

\$\$\$ Шешендік сөзге қойылатын талапты көрсетіңіз:

- A. Белгілі бір әлеуметтік мәні бар тақырыпты қозғайтын және шаршы топ алдында айтылатын сөз
- B. Әдемі сөйлеудің үлгісі
- C. Кейіпкердің бастан кешкен оқиғасын баяндайтын әңгіме
- D. Көпшілік алдында болған жайтты баяндау
- E. Шығармашылықпен айналысу

\$\$\$ Берілген мақалдардың қайсысы шешендік сөздің табиғатын ашып көрсетеді?

- A. Сөздің көркі – мақал
- B. Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады
- C. Шешеннің сөзі ортақ
- D. Жақсы сөз – жарым ырыс
- E. Тау мен тасты жер бұзар, адамзатты сөз бұзар.

\$\$\$ Шешендік сөздегі жаңашылдықты, кісілікті, ой жұмырлығын ерекше бағалайтын «Шешендік өнердің үш трактаты» еңбегін жазған кім?

- A. Горгий
- B. Протагор
- C. Аристотель
- D. Квинтиллиан
- E. Цицерон.

\$\$\$ Төмендегі берілген қасиеттердің қайсысы шешенге тән емес.

- A. Білімділік
- B. Шыншылдық
- C. Аңғарымпаздық
- D. Жинақылық
- E. Төзімділік

\$\$\$ Толғау авторын атаңыз:

Арғымаққа міндім деп
Артқы топтан адаспа,
Күнінде өзім болдым деп,
Кең пейілге таласпа.
Артық үшін айтысып,
Достарыңмен санаспа.
Ғылымым жұрттан асты деп
Кеңессіз сөз бастама.
Жеңемін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама.

- A. Бұхар жырау
- B. Асан қайғы
- C. Шал ақын
- D. Қазтуған жырау
- E. Дулат жырау

\$\$\$ Шешендік сөздің әсерлілігіне қатысты тілдік сапаны көрсетіңіз:

- A. Сөздерді бей – берекет қолдану
- B. Сөзді мағынасына қарай қолдану
- C. Диалект қолданып сөйлеу
- D. Дауысты жәй шығарып сөйлеу
- E. Дауысты құбылты сөйлеу

\$\$\$ Берілген мәтін шешендік сөздің қай тегіне, түріне жатады? Қазіргі адамзат қоғамында дүниеге діни жоғары материалистік, идеалистік көзқарас қатар орын алып отыр. Дін ғұламалары исламды ілім деп санайды. Егер ислам – ілім болса, онда ол да дүниеге көзқарас, дүниені танып – білу ғылымы деген сөз. Қалай болғанда да, діни иланым адамдардың ғұмырын жеңілдететіні, мінез – құлқын жұмсартып, мейірбандылығын арттыратыны, бірілігін бекемдеп, әдептілік орнықтыратыны даусыз.

- A. әлеуметтік – саяси
- B. Академиялық
- C. әлеуметтік – тұрмыстық
- D. Сот ісінде қолданылатын
- E. Діни қызметтегі

\$\$\$ Қазақтың шешендік сөздерін жинастырып, зерттеп жинақтаған кім?

- A. С. Сейфуллин
- B. Ғ. Мүсірепов
- C. Б. Адамбаев
- D. А. Байтұрсынұлы
- E. М.Әуезов

\$\$\$ Зерттеушілердің айтуы бойынша қазақтың шешенлік өнері неше кезеңге бөлінеді?

- A. 5
- B. 2
- C. 4
- D. 3
- E. 7

\$\$\$ Ежелгі Рим жұртында сөз шеберлерін қанша топқа бөлінген?

- A. 2
- B. 5
- C. 3

D. 4

E. 7

\$\$\$ Зиян болар адамзат артық бұйым, Білімді адам не қылсын дүние жиып.

Дүние – мүлік ерлердің пейілін алады, Дүниеқор адам естерінен танып қалады. – даналық сөздерінің авторы, орта ғасырлық түркі шешендігінің өкілдерінің бірі.

A. әл – Фараби

B. Қашқари

C. Баласағұн

D. Яссауи

E. Йүгінеки

\$\$\$ Ертелі – кеш бұл дүние

Барша жаннан өтпес пе?

Дүние малың бір күні

Қолдарыңнан кетпес пе?

Қайда кетті ойлашы,

Ата – ана, туыстар?

Төрт аяқты ағаш ат

Саған да бір күн жетпес пе? – атта өлең жолдарында кездесетін шешен сөйлеу тәсілін атаңыз.

A. қайталау

B. Мегзеу

C. Бүкпелеу

D. Риторикалық сұрақ

E. Арнау

\$\$\$ Цицеронның айтуынша шешеннің неше түрі бар.

A. 2

B. 5

C. 7

D. 3

E. 1

\$\$\$ «Қалам – ең жақсы, ең артық жасаушы және қызыл тілдің тәлімгері» - қанатты сөзінің авторы кім?

A. Демосфен

B. Цицерон

C. Квинтилиан

D. Фараби

E. Лукреций

\$\$\$ «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде – кім ішінени керекті сөз тапса, жазып алсын, ия оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым»- деген сөздерде шешендік тәсілдердің қайсысы көрсетілген?

A. өзінің білімін үнемі көтеріп отыру

B. Сөйлейтін сөзге тақырып таңдау

C. Сойленетін сөздің мақсатын тұжырымдау

D. Көпшілік алдында сөйлеу әдістемесін меңгеру

E. Сөйлеу әрекетіне талдау жасай білу

\$\$\$ Көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымы неше бөлімнен тұрады?

A. 5

B. 2

C. 3

D. 4

E. 6

\$\$\$ Мазмұнның қысқаша бағдарламасы қалай аталады?

A. Кіріспе

B. Жоспар

C. Негізгі бөлім

D. Қорытынды сөз

Е. Мәтін

\$\$\$ Әңгімеленетін тақырыптың өзектілігі, айтылу мақсаты қай бөлімде сөз болады?

A. Қорытынды сөз

B. Жоспар

C. Мәтін

D. Негізгі бөлім

E. Кіріспе

\$\$\$ Айтылатын материалдың мазмұны түсіндіріліп, ұсынылған идеяға көз жеткізілетін бөлімі қалай аталады?

A. Мәтін

B. Кіріспе

C. Негізгі бөлім

D. Қорытынды сөз

E. Жоспар

\$\$\$ Мақсатқа қайта оралып, негізгі түйін айтылатын бөлім қалай аталады?

A. Кіріспе

B. Жоспар

C. Негізгі бөлім

D. Қорытынды сөз

E. Мәтін

\$\$\$ Қазіргі шешендікте сөйлеудің қанша түрі бар?

A. 1

B. 2

C. 4

D. 8

E. 3

\$\$\$ Әртүрлі әрекеттерді салыстыра зерттей отырып, шындық пікірді көрсету, талас мәселесінің шешімін іздеп табу қалай аталады?

A. Ойталқы

B. Пікіралмасу

C. Пікірсайыс

D. Ойбөліс

E. Сөзталас

\$\$\$ Ғылыми және қоғамдық мәні бар тақырыптардың төңірегінде көпшілік арасында өтетін сөз жарысы қалай аталады?

A. Пікірсайыс

B. Пікірталас

C. Сөзталас

D. Ойбөліс

E. Ойталқы

\$\$\$ Бір мәселені талқылау мақсатында жиналыстарда, баспасөз беттерінде орын алатын сайыс.

A. Сөзталас

B. Пікірталас

C. Пікірсайыс

D. Ойбөліс

E. Ойталқы

\$\$\$ Көпшілік алдында екі адамның немесе екі топтың бір мәселе туралы ой – пікірлерін ортаға салуы.

A. Пікірталас

B. Сөзталас

C. Ойбөліс

D. Пікірсайыс

E. Ойталқы

\$\$\$ Қандай да бір мәселені көпшілік арасында талқылау

A. Ойбөліс

B. Пікірталас

С. Пікірсайыс

Д. Ойталқы

Е. Сөзталас

\$\$\$ Бір нәрсені көптен айырып, көзге көбірек түсерлік етіп айтқысы келгенде, Ол нәрсенің атына айқын көрсеткендей сөз қосып айту.

А. Теңеу

В. Көріктеу

С. Алмастыру

Д. Бернелеу

Е. Әсірелеу

\$\$\$ Екі жағдаяттың салыстырылып берілуі

А. Көріктеу

В. Теңеу

С. Бейнелеу

Д. Әсірелеу

Е. Мезгеу

\$\$\$ Бір нәрседе болмайтын күйді, екінші нәрседе болатын күйді көрсететін сөзбен айту

А. бернелеу

В. Бейнелеу

С. Көріктеу

Д. Теңеу

Е. Алмастыру

\$\$\$ Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айту

А. Бейнелеу

В. Әсерлеу

С. Мезгеу

Д. Әсірелеу

Е. Алмастыру

\$\$\$ Бір нәрсенің, көбінесе адамның мінезхін, құлқын, ғамалын екінші нәрсенің Мысалында көрсетіп айту

А. Бернелеу

В. Әсерлеу

С. Бейнелеу

Д. Көріктеу

Е. Теңеу

\$\$\$ Бір нәрсені өте асырып, я өте кемітіп айту

А. Әсірелеу

В. Әсерлеу

С. Бейнелеу

Д. Көріктеу

Е. Теңеу

\$\$\$ Бір ұғымның орнына екінші ұғымның айтылуы

А. Бейнелеу

В. Көріктеу

С. Әсерлеу

Д. Мезгеу

Е. Теңеу

\$\$\$ Сөздің әсерін күшейтіп сөйлеудің түрі қалай аталады?

А. Алмастыру

В. Теңеу

С. Әсірелеу

Д. Әсерлеу

Е. Көріктеу

\$\$\$ Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегеніміз – егесіп өткен ер жаман

Үш дегеніміз – үш бұрақты шідерден шошынған ат жаман
Төрт дегеніміз – төсектен безген жас жаман
Бес дегеніміз – белсеніп шыққан жау жаман
Алты дегеніміз – асқынып кеткен дерт жаман
Жеті дегеніміз – жас келіншек жесір қалса сол жаман
Сегіз дегеніміз – серпілмеген қайғы жаман
Тоғыз дегеніміз – торқалы той, топырақты өлімге бас көрсетпесе Сол жаман.
Он дегеніміз – оңалмас кәрілікке дауа болмас
Төле бидің жұмбағына Қазыбектің қайтарған жауабында әсерлеудің қай түрі қолданылған?

- A. Түйдектеу
- B. Бүкпелеу
- C. Дамыту
- D. Қайталау
- E. Шендестіру

\$\$\$ Ағасы бардың, жақсы болса жағасы бар
Жаман болсаң, інісіне жабар жаласы бар
Інісі бардың жақсы болса, тынысы бар
Жаман болса, ағасына берер жұмысы бар
Баласы бардың жақсы болса, панасы бар
Жаман болса, құдайдан берген пәлесі бар.
Байдалының толғауында әсерлеудің қай түрі қолданылған?

- A. Түйдектеу
- B. Бүкпелеу
- C. Дамыту
- D. Қайталау
- E. Шендестіру

\$\$\$ Жерден ауыр дегенім – ақыл – білім,
Судан терең дегенім – оқу – ғылым.
Оттан ыстық дегенім – адамның өмірі,
Көктен биік дегенім – тәкаппардың көңілі.
Бала бидің сөзінде әсерлеудің қандай түрі қолданылған?

- A. Параллелизм
- B. Шендестіру
- C. Қайталау
- D. Дамыту
- E. Арнау

\$\$\$ Ашу деген ағын су,
Алдын ашсаң арқырар.
Ақыл деген дария
Алдын тоссаң тоқырар
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз қуған пәлеге жолығады,
Төле, сен жылқыны қайыр,
Қазыбек, сен жесірін қайыр! – деген шешендік сөзде әсерлеудің қай түрі қолданылған?

- A. Түйдектеу
- B. Параллелизм
- C. Бүкпелеу
- D. Дамыту
- E. Арнау

\$\$\$ Пікіріңді сөйлегенде алдыңғы сөзіңнен артқы сөзіңнің қуаты асып отыру қалай аталады?

- A. шендестіру
- B. Дамыту

С. Аллитерация

Д. Қайталау

Е. Бүкпелеу

\$\$\$ Екі нәрсені қатар қойып, қарама – қарсы суреттеу арқылы екеуінің арасындағы айырмашылықты көрсету әдісін шешендер жиі қолданған.

Бұл тәсіл қалай аталады?

А. Параллелизм

В. Шендестіру

С. Қайталау

Д. Дамыту

Е. Арнау

\$\$\$ Көпшілікке қатысты әлеуметтік мәселелерді қамтып, жұртшылыққа ой тастау үшін айтылатын шешендік сөздердің түрі қалай аталады?

А. Толғау

В. Арнау

С. Өсиет

Д. Нақыл сөз

Е. Терме

\$\$\$ Дыбыстардаң біркелкілігі арқылы сөздердің құлаққа жағымды естілуі, сөйлемдердің үндесе тізілуі арқылы сөйлеудің әуезді айтылуы шешендер қолданған амалдардың бірі. Осындағы бірыңғай дауыссыз дыбыстардың қайталануы қалай деп аталады?

А. Қайталау

В. Аллитерация

С. Ассонанс

Д. Антитеза

Е. Градация

\$\$\$ Бірінші жолда бірыңғай дауысты дыбыстардың қайталануы қалай аталады?

А. Градация

В. Шендестіру

С. Ассонанс

Д. Синекдоха

Е. Аллитерация

\$\$\$ Екі ұдай нәрсені, құбылысты, ұғымды, сезімді қатар қойып, жұптап суреттеу қалай аталады?

А. Мақалдар

В. Синекдоха

С. Градация

Д. Параллелизм

Е. Қайталау

\$\$\$ Шешендік сөздерде күрделі ойды беруде қолданылып, бір ойдан екіншісі туындап, бірінен екіншісі үстем болып отыратын тәсіл қалай аталады?

А. Шендестіру

В. Дамыту

С. Қайталау

Д. Бүкпелеу

Е. Әсірелеу

\$\$\$ Арыстан деген билеуші мен Бәймен бидің арасындағы төмендегі сөз дерден шешендік сөздерде қолданылатын қандай тәсілді көреміз? «Иә, төрем, сіз төрелікті аққа бермейді екенсіз, қараға береді екенсіз. Қараға да бермейді екенсіз, параға береді екенсіз. Мен ел жисам да Жансүгірдей мал жимаған екем, мал жисам да нар жимаған екенмін, нар жисам да аң жимаған екенмін.»

А. Кекесіндеу

В. Параллелизм

С. Дамыту

Д. Шендестіру

Е. Бүкпелеу

\$\$\$ «Аз нені айтады? Көптен көрген қорлығын айтады. Көп нені айтады? Азға жасаған зорлығын айтады.» - деген шешендік сөзде қандай тәсіл қолданылған?

- A. Арнау
- B. Қайталау
- C. Параллелизм
- D. Түйдектеу
- E. Шендестіру

\$\$\$ «Арыстан билеушінің сөзі: Биеке, ғафу ете гөр, қадірің өтті, кісіге мал серік емес, ел серік екен, елде қадіріңді білетін ер серік екен. Мен адасқан екенмін, параға қызыққаным, надандығым екен, арды ойламағаным ақымақтығым екен, малдан ел қымбат екен, елден ер қымбат екен, ерден ар қымбат екен» - деген үзіндіде шешендік сөздерде қолданылатын тәсілді көрсетіңіз.

- A. Шендестіру
- B. Бүкпелеу
- C. Дамыту
- D. Қайталау
- E. Мегзеу

\$\$\$ Шешендік сөзде айтылатын басты ойға назар аудартып, логикалық екпін түсіретін тәсіл

- A. Ассонанс
- B. Аллитерация
- C. Градация
- D. Риторикалық сұрақ
- E. Шешендік арнау

\$\$\$ Арғымақ баптап не керек,

Жабы қуып жеткен соң.

Ағайын – туған не керек,

Аңдысып күні өткен соң.

Бес күн жалған өтеді,

Ажалы қуып жеткен соң,

Бір төбенің басына

Тыға салып кеткен соң. – деген жолдар қандай тәсілмен жазылған?

- A. Риторикалық сұрақ
- B. Логикалық екпін
- C. Синтаксистік параллелизм
- D. Дыбыстар үйлесімдігі
- E. қайталаулар

\$\$\$ Бетпе - бет отырып екі не одан да көп адамдардың өзара пікір алысуы, түсінісуі неге тән?

- A. Ауыз екі сөйлеу тіліне
- B. Көркем әдебиет тіліне
- C. Жалпыхалықтық тілге
- D. Поэзия тіліне
- E. Ғылыми тілге

\$\$\$ Жалпыға ортақ, бірізділік талабына тән қатарды белгілеңіз.

- A. Халықтық тіл
- B. Ауызекі тіл
- C. Радио тілі
- D. Әдеби тіл
- E. Газет-журнал тілі

\$\$\$ Тілдің таңдамалы, қолайлы, ой-пікірді дәл беруге жарамды, жалпыға ортақ жүйелерін ... дейміз

- A. Әдеби норма
- B. Тілдік норма
- C. Орфографиялық норма
- D. Орфоэпиялық норма
- E. Лексикалық норма

\$\$\$ Қақ жүректің тұсы деп,
Өлер жерің осы деп.

Қорамсаққа қол салды,

Бір салғанда мол салды – деген жолдарда шешендік сөздердің қай тәсілі қолданылған?

- A. Шендестіру
- B. Мегзеу
- C. Бернелеу
- D. Әсірелеу
- E. Қайталау

\$\$\$ Байдалы шешеннің Шоқанның әкесі Уәлихан қайтыс болғанда, не себепті келе алмай, кешігіп келгендігін айту үшін Айғанымға былай дейді:

Ер қартайды, мал тайды,

Екеуледі, ей, Ханым,

Қатын жалқау, ұл ынжық,

Төртеуледі ей, ханым

Келін қатал кер болды

Ағайын жат ел болды.

Алтаулады ей, ханым.

Кәрілік пен кедейлік

Егіз келді ей, ханым- деген жолдарда шешендік сөздің тәсілі көрсетілген:

- A. Әсірелеу
- B. Әсерлеу
- C. Бернелеу
- D. Қайталау
- E. Дамыту

\$\$\$ Төле би мен Қазыбек бидің арасындағы мына диалогта қолданылған тәсіл қандай?

-Алысыңыз қалай?

-Алысым жақын болды.

-Тәттіңіз қалай болды?

-тәттім шырын болды.

-Несиеніз қалай?

- Несием шүкір, өніп жатыр.

- A. Бейнелеу
- B. Алмастыру
- C. Шендестіру
- D. Көріктеу
- E. Теңеу

\$\$\$ Байдалы шешеннің сөзіндегі тәсілді көрсетіңіз: «Сөйлемесе, сөздің атасы өледі. Айтпаса естімейтін саңыраулар бар, ашпаса көрмейтін соқырлар бар.

Ағадағы мал – аспандағы мал, інідегі мал – індегі мал, баладағы мал – даладағы мал. Сұраған адам – қайыршы, ұрлаған адам - қарақшы »

- A. Көріктеу
- B. Теңеу
- C. Алмастыру
- D. Бейнелеу
- E. Бернелеу

\$\$\$ Ежелгі Рим жұртында сөз шеберлерін қанша топқа бөлген?

- A. 2
- B. 3
- C. 5
- D. 7
- E. 4

\$\$\$ Алтын ұяң отан қымбат,

Құт – берекең атаң қымбат

Аймалайтын анаң қымбат,

Мейірімді апаң қымбат.

Асқар таудай әкең қымбат – деген жолдарда қолданылған шешендік өнердегі тіл көрнектілігінің тәсілін көрсетіңіз.

- A. Әсірелеу
- B. Бернелеу
- C. Көріктеу
- D. Теңеу
- E. Алмастыру

\$\$\$ Туып өскен елің қымбат

Кіндік кескен елің қымбат

Ұят пенен ар қымбат

Өзің сүйген жар қымбат– деген жолдарда қолданылған шешендік өнердегі тіл көрнектілігінің тәсілін көрсетіңіз.

- A. Алмастыру
- B. Әсірелеу
- C. бернелеу
- D. Көріктеу
- E. Мегзеу

\$\$\$ Жиренше шешеннің мына сөздерінде қандай тәсіл қолданылған?

- Әкесі өлсе асқар тауы құлағанмен бірдей болады.
- Шешесі өлсе ағар бұлағы суарғанмен бірдей болады.
- Ағасы өлген оң қанаты айырылғанмен бірдей болады
- Інісі өлген сол қанаты қайырылғанмен бірдей болады.

- A. Шендестіру
- B. Көріктеу
- C. Теңеу
- D. Алмастыру
- E. Мегзеу

\$\$\$ Он бес жас құйын қуған желмен тең,

Жиырма бес дауыл ұрған перімен тең.

Отыз бес ағып жатқан селмен тең

Қырық бес аю аспас белмен тең

Жетпіс бесте көңілің жерменен тең – қандай тәсіл қолданылған?

- A. Шендестіру
- B. Көріктеу
- C. Теңеу
- D. Әсерлеу
- E. Алмастыру

\$\$\$ Сексенде селкілдеген шал боларсын

Тоқсанда толық миың орта түсер

Жүзде дүниеден күдерінді үз

Өлмесен де өліден кем боларсың. – қандай тәсіл қолданылған?

- A. Қайталау
- B. Бейнелеу
- C. Көріктеу
- D. Теңеу
- E. Дамыту

\$\$\$ қазақ билерінің түп атасы кім?

- A. Төле
- B. Әйтеке
- C. Майқы
- D. Жиренше
- E. Аяз би

\$\$\$ Сөз өнеріне үйірлік балаға жастайынан беріліп тәрбиеленуі керек деген қағиданы айтқан теоретик

- A. Кампанелла
- B. Горгий

С. Квинтиллиан

Д. Ломоносов

Е. Цицерон

\$\$\$ Мол білімімен, айшықты әсем тілімен оқырмандарына әсер ететін бір нәрсе туралы сендіріп, бір нәрсеге ұмтылдыратын, сөзге тапқыр, ойы терең, білімдар адам

А. ойшыл

В. Ақын

С. жазушы

Д. Көреген

Е. шешен

\$\$\$ Көш бастау қиын емес –Қонатын жерде су бар.

Қол бастау қиын емес – Шабатын жерде жау бар.

Шаршы топта сөз бастау қиын – Шешімін адам таппас дау бар – деп шешендік өнер туралы айтқан қазақ ақыны

А. Махамбет

В. Бұхар

С. Үмбетей

Д. Шалғиіз

Е. Дулат

\$\$\$ Шіркеулік шешендік теориясы қалай аталады?

А. Схоластика

В. Гомилетика

С. Догматика

Д. Диалектика

Е. Эвристика

\$\$\$ Классикалық риторикада шешеннің қанша міндеті бар?

А. 3

В. 6

С. 5

Д. 4

Е. 2

\$\$\$ Цицеронның түйіндеуі бойынша шешеннің міндеті қанша?

А. 1

В. 5

С. 3

Д. 6

Е. 2

\$\$\$ Кермиық кеңесінен қалды,

Шалқасқа шабысынан қалды

Қотыр теке қой бастады.

Ханы қайғылы болды

Биі бүкірейіп қалды

Атадан ұл озды,

Анадан қыз озды

Сол уақытта қамқа тон көнеріп тозды. – шешендік өнердің қай түріне жатады?

А. Шешендік дау

В. Шешендік арнау

С. Шешендік толғау

Д. Шешендік жұмбақ

Е. Шешендік сұрақ

\$\$\$ Шешендік шеберліктің басты қағидасына жатпайды

А. Тыңдаушыларды қадірлей білу

